Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 02 (383)
14 қаңтар, 2021 жыл

Сайлау науқаны мәресіне жетті. Мәжіліс және жергілікті мәслихат депутаттарын анықтау үшін бес партия науқанға қатысып, өз кандидаттарын ұсынды. 8 қаңтарға дейін үміткерлер түрлі акция бойынша үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, партия аясында іске асатын бағдарламаларын таныстырды. Үгіт насихат жұмыстары барысында Nur Otan партиясының белсенділігі байқалды. Насихат жұмыстары аясында кандидаттардың атқарған еңбегі балдық жүйемен есептеліп, партия ішінде өзара рейтинг жасалды. Жетекші партиядан бөлек өңірде Adal-дықтардың қарқыны жақсы болды. Кәсіпкерлерден жасақталған партияның ұстанымын ұнатқандар бар. Өкінішке қарай қалған үш партияның үгіт насихат жұмысы біздің аймақта ауқымды болды деп айта алмаймыз.

Биылғы сайлаудың ерекшелігі көп болды. Мысалы, Парламенттік тәжірибеде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Мәслихат сайлауы да бірінші рет партиялық тізім бойынша өтсе, коронавирус пандемиясына байланысты бұл сайлау қатаң режим талап етті. Сайлау учаскесіне келген таңдаушы міндетті түрде бетперде тақты. Ол ең алдымен дезинфекциялық туннельден өтті, содан соң дене қызуы тексерілді. Міне, осы сақтық шараларының барлығынан өткен жағдайда ол өз мекен жайына қатысты комиссия өкіліне барып, тиесілі бюллетеньдерді алып, таңдауын жасайды.

САЙЛАУ 2021: БЕС ПАРТИЯНЫҢ БАҒАСЫ

Ерасыл ШӘРІБЕК

10 қаңтар. Бес партияның басты додасы басталды. Біздің өңір сағат белдеуіне байланысты сайлауды өзгелерден бір сағат ерте бастады. Сағат тілі 7-ге таяғанда сайлау учаскесіне алғашқы дауыс берушілер келе бастады. Таңмен таласып, ең бірінші азаматтық белсенділік танытып, дауыс бергендерге сыйлық беру рәсімі бұл жолы да қалыс қалмады. Ынталандыру мақсатында сыйлық сыйлау шаралары барлық сайлау учаскелерінде де ұйымдастырылды. Мұндай шара Ілияс Қабылов атындағы №12 орта мектепте орналасқан №355 сайлау учаскесінде болғанын көзімізбен көрдік.

– Біздің ең алғашқы таңдаушымыз азанда 6.30-да келді. Сайлау 7.00-де басталатын болғандықтан күтуге тура келді. Шара еліміздің мемлекеттік әнұранымен басталып, алғашқы сайлаушыға өз сыйлығымызды табыстадық, – дейді №355 сайлау учаскесінің төрайымы Жадыра Садыққызы.

Әлеуметтік желі арқылы маңызды датада өңір-өңірлерде митинг ұйымдастырылып, наразылық танытушыларды байқадық. Алайда Ақмешітте мұндай келеңсіз жайттар орын алған жоқ. Негізінен аймақ тұрғындарының сайлауға қатысу белсенділігі жоғары болды. Мұны Орталық сайлау комиссиясының мәліметінен аңғаруға болады. Сайлауға қызылордалықтардың 73,9 пайызы қатысып, Солтүстік Қазақстан облысынан кейін екінші сатыға тұрақтады. Ал, Алматы қаласы бұл көрсеткіште кенже қалып, тұрғындардың 30,3 пайызы ғана атсалысқан.



Сайлау жергілікті уақытпен кешкі сағат 20.00-ге дейін өтті. Кейінірек сайлаудың Exit poll нәтижесі жарияланды. Қоғамдық пікір институты сайлаудан шыққан азаматтарға 600 сайлау учаскесінде сауалнама жүргізген. 24 мың сайлаушыға жүргізілген сауалнама қорытындысында Ауыл халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 5,75 пайыз, Nur Otan партиясы 71,97 пайыз, ADAL саяси партиясы 3,07 пайыз, Ақжол демократиялық партиясы 10,18 пайыз және Қазақстан Халық партиясы 9,03 пайыз дауыс жинады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаудан кейін наразылық болған жағдайда қатысушыларға жазалау шаралары қолданылмайтынын айтты. Осыған орай ADAL және Ауыл халықтық-демократиялық патриоттық партиясының үміткерлері facebook әлеуметтік желісі арқылы сайлаудың өз деңгейінде болмағанын жеткізіп, оқырмандар арасында ойларын ортаға салды.

Бір қызығы, біздің өңірде сайлауға қатысқан барлық партия жергілікті мәслихаттардан мандат алды. Бұл өзге облыстарға қарағанда ерекше жағдай. Мұны облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев өңірлік коммуникациялар қызметінде мәлімдеді.

– Қызылорда облысында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарына 152 мандат берілген. Сайлаудың қорытындысы бойынша барлық партия жергілікті мәслихаттардан мандат алды, – деді Ғалым Баймырзаев. Төрағаның сөзін тарқатсақ, "Қазақстан Халық партиясы" – 4, Nur Otan партиясына – 126, "Ақ жол" Қазақстанның демократиялық партиясына – 5, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясына – 15, ADAL саяси партиясына – 2 квота берілді.

Сонымен биылғы сайлау Nur Otan партиясының айқын жеңісімен аяқталды. Үміткерлер арасынан жеңімпаз болған депутаттар үгіт насихат кезінде жүргізген бағдарламасын іске асырса игі.

АВТОКӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚУАТҚА АЙНАЛАДЫ

Жыл өткен сайын автокөлік өндірісі жоғары бәсекемен дамып келеді. Экологиялық зияны жоқ, өздігінен жүретін көліктер, ұшатын машиналар соның дәлелі. Жуырда Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Мерей Сембай бұл салаға тағы бір жаңалық енгізді. Оның ұсынған тың жобасы автокөліктер қозғалысы арқылы электр энергиясын өндіруге бағытталған.

Гүлдана ЖҰМАДИН

Идея авторының айтуынша, жобаның негізгі мақсаты әмбебап құрылғыны ойлап табуға негізделген. Ол бірнеше механикалық бөлшектерден (білікше, маховик, серіппе т.б.) және тоқ генераторынан тұрады. Аталған құрылғы көліктер көп шоғырланған аймақтардың, ұзын көшелердің жер асты бөлігінде орналастырылады. Бір ұтымды тұсы, жер астындағы платформа үстінен көлік өткен сайын төмен түсіп, серіппе көмегімен қайта орнына келеді екен.

– Бұл фильмдегідей аяқасты дүниеге келген идея емес, жобаның жалпы нұсқасы бірнеше ай бойы ойымда жүрді. Көшеде үздіксіз ағылған көліктерді көрген сайын «олардың жылдам қозғалысы арқылы қандай пайдалы дүние жасауға болады?» деп іздене бастадым. Арада біраз уақыт өткен соң жетекшім Жеңісбек Жалмырзаевпен осы тақырыпта ой бөлісіп, жоба жайлы талқыладық. Зерттей келе автокөлік қозғалысындағы шығын энергиясынан электр энергиясын өндіріп, балама қуат көзіне айналдыруға болады деген шешімге келдік. Әрі қарай жобаның сұлбасы сызылып, есептеулер жүргізе бастадық, – дейді жоба авторы.

Қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына және көлік жағдайына еш зиянын тигізбейтін бұл жоба қалдық болып бөлінетін энергияны тиімді жинақтауға көмектеседі. Ең маңыздысы, ол жеке адамның мүддесіне емес, қоғам игілігі үшін жасалған құрылғы. Сондықтан жоба өндіріске енсе, оны жеке автокөлікпен қоса қоғамдық көлік жүгізушілері де пайдалана алады.

– Құрылғының құрылысы қарапайым болған соң, істен шыққан бөлшектерді алмастыру көп қаржыны қажет етпейді. Әзірге экономикалық, экологиялық және энергетикалық тұрғыда тиімді саналатын жобамның кемшін тұстары жоқ деп есептеймін. Отандық тәжірибеде бұл құрылғының баламасы жоқ. Алайда негізгі идеясы ұқсас, көлік шинасына орналасқан генераторлар секілді концепцияларды кездестірдім, – дейді өнертапқыш.

Өткен жылдың қаңтар айында қолға алынған жоба 20 күндік ұлттық STEAMUP жарысында III орын иеленген. Тіпті физика пәніне ерекше қызығушылық танытатын Мерейге оқуда озат болғаны үшін Стенфорд жазғы университетінің оқу курсына қатысуға жолдама беріліпті.

– Бұл құрылғыны тәжірибеден өткізу үшін бізде қаржылай қолдау пен уақыт тапшы болды. Сондықтан біз құрылғының кішігірім нұсқасын (макетін) жасап шықтық. Ол құрылғының жұмысын демонстративті түрде көрсетуге септігін тигізді. Әлі өндіріс орындарына ұсынып үлгермедік, алайда алдағы уақытта патент алу жоспарымызда бар, – дейді Мерей Нұрділдақызы.

3
Кәсіп бастау үшін не қажет?

4
Зейнетақы: тізімде барсыз ба?

6
Біз кімбіз?

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зулфухар Жолдасовпен кездесті. Кездесуде комитет төрағасы облыстық экология департаментінің жаңа басшысы Нұржан Өмірсерікұлын таныстырды.

Нұржан Өмірсерікұлы 1985 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. 2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, 2007 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 2005 жылы Қызылорда қалалық қаржы бөлімінде есепші болып бастаған. Кейінгі жылдары облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің жетекші маманы, ҚР Парламент Сенаты депутатының көмекшісі, Қызылорда облысы бойынша Тексеру комиссиясының ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің басшысы, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы, ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің Өңірлік даму бөлімінің бас инспекторы секілді жауапты қызмет атқарған.

«Бүгінгі күні экология саласында бірқатар мәселелер бар. Нұржан Өмірсерікұлы тәжірибесін пайдалана отырып, ауқымды жұмыстар атқарады деп сенемін. Тұрғындардың денсаулығына экологияның ластануы тікелей әсер ететіні белгілі. Сол себепті бұл сала үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жаңа қызметте сәттілік тілеймін». – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Сонымен қатар кездесуде аймақтың экологиялық жағдайы мен алдағы жоспарлар талқыланды.

АРЫҚТАУ МАРАФОНЫ

Тез арада артық салмақтан арылып, сымбатты дене пішініне қол жеткізгіңіз келе ме? Онда Облыстық жастар ресурстық орталығының фитнес тренері, бокстан Қазақстан чемпионы Ернар Әбсаматтың жастарға арналған екі апталық онлайн арықтау марафонынан қалыс қалмаңыз. Әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен марафонға кімдер қатыса алады және қандай талап қоятыны жайында Ернармен тілдескен едік.

– Марафонға қызығушылық танытушылардың саны күн санап артуда. Марафонға кімдер қатыса алады?

– Жас ерекшелігіне шектеу жоқ. Марафонға қатысуға қызығушылық танытқан кез келген жас қатыса алады. Марафон – 18-31 қаңтар аралығында өтеді және қатысу тегін.Әрбір қатысушы ең бірінші 87007697025 нөміріне хабарласып тіркеледі. Бастапқыда барлық қатысушының салмағын арнайы тіркеп аламыз. Марафон соңында кімнің қанша салмақ тастағанын осылай анықтаймыз.

– Қатысушыларға қандай талап қойылады? Толық болуы міндетті ме?

– Марафонда арықтауға қажетті кеңестер мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын позитивті әңгімелер айтылады. Сонымен қатар Жастар ресурстық орталығының youtube каналындағы «Онлайн спорт» бағдарламасындағы жаттығулар беріледі. Одан бөлек қосымша жаттығу қажет болса., оны да қамту жоспарланған. Мұнда қатысушылардың ұсыныс-пікірі ескеріледі.

– Онлайн марафон арықтауға қаншалықты әсер етеді? Көзбояушылық болмай ма?

– Жалпы марафонға қатысуға өтініш білдіргендердің басым бөлігі нәзік жандылар. Марафонды онлайн форматты ұйымдастыру бір жағынан жұмыс бастылар үшін тиімді. Екіншіден, пандемия уақытында арықтаймын деп талай табалдырықты тоздырғандар енді үйде отырып-ақ кеңес алуына мүмкіндік туады. Одан қалды қазірде арықтаймын деп, түрлі ауруға шалдыққандардың саны артуда. Сол себепті арықтауда ескеретін бірнеше ережелер бар. Мысалы, дұрыс тамақтанумен бірге жаттығу жасамасаңыз, арықтағаныңызбен теріңіз салбырап қалуы мүмкін. Осы сияқты құнды кеңестер марафонда қамтылады. Шараны ұйымдастырудың алдында сала мамандарымен кеңесіп, зерттеу жүргіздік. Артық салмақтан арылып, осы жылы жаңа қалыпқа енгіңіз келсе, онлайн марафонға қатысуға шақырамын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Айгүл ӘЛІШЕРОВА

УАҚЫТ және БІЛІМ

Қазіргі мектептеі әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларының, педагогикалық технологиялардың пайда болуы, білім беру үрдісінің саралануы – мұғалімдерді педагогикалық жетістіктерді талдау мен бағалауға мәжбүрлейді. Мұғалімнің үнемі өз жұмысына шығармашылық элементтерін енгізу машықтары, оқу-тәрбие үрдісінен туындайтын мәселелерді шешудің сауатты тәсілін қолдану талап етіледі. Осы жағдайларға байланысты жаңа заман мұғалімі өзінің қызметін ғылыми тұрғыда саралауы, зерттеушілік жұмыс дағдыларын меңгеруі тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Коменскийдің, И.Гербарттың дәстүрлі объект-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде. өзін-өзі танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Бүгінгі оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өзіне қажетті білімді өзі анықтап, оны өзгелермен қарым-қатынас арқылы өздігінен іздеп таба алатын деңгейге жеткізу. Шығыс даналығында «егер адамға балық берсең, ол бір күн тоқ болады, ал егер қармақ беріп оны қолдануды үйретсең, ол өмір бойы тоқ болады» делінген.

Мұғалімдер де өз кезегінде өзінің сабақ беруіне емес. оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқушылар белсенді қатысатын оқыту ортасын, басқаша айтсақ, оқытуды үйрететін білім ортасын құру керек.

Біз жылдам өзгеретін әлемде өмір сүріп жатырмыз. Білім берудің көлемі артуда. Сондықтан мұғалім өзінің біліктілігі мен беделін арттыру үшін белсенді жұмыс істеуі қажет. Бүгінгі уақытта мұғалімге сенім артып тапсырылған міндеттердің жүгі ауыр. Ұстаздар қауымы алдында бәсекеге қабілетті, кез-келген ортаға бейімделе алатын, құзіретті, білімді тұлғаны дамыту сынды маңызды міндеттер тұр. Осы маңызды міндеттер жаңаша ойлап, жаңаша білім беруді талап етеді.

Қазақстанның басым бағыттарының бірі – қазіргі білім беру мен озық технологияларды дамыту. Адамның толыққанды өмір сүруінің басты шарты ретінде білім беруді дамыту векторы өмір сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы білім берудің басты мақсаты – қарқынды түрде дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзінің мүдделерімен қатар қоғамның мүддесін қамту мақсатында өзін өзі белсенді етуге дайын білімді, шығармашыл, білікті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны қашан! Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балалар қазіргі заманға бейімделу үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсетті.

Елімізде білім беру жүйесінде соңғы жылдары түбегейлі өзгерістер орын алуда. Осы үрдістерді жүзеге асыру – білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің орталық нысаны ретінде мұғалім қызметінің сапасына байланысты. Ал мұғалім жұмысы білімнің, жауапкершіліктің, қандай да бір мәселені шешуге қатысудың, білім беру технологияларын меңгерудің, еңбекке деген дұрыс қатынастың, белгілі нәтижеге қол жеткізудің негізінде қалыптасатын ауқымды еңбек.

Марат ЕСЕТОВ,
Арал ауданы,
Аралқұм стансасы

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы төңірегінде облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы мен облыстық халық шығармашылық орталығының мамандары пікір алысты. Мақаланың негізгі бағыттарына тоқталып, оны жүзеге асыру мақсатында атқарылатын жоспарларын ортаға салды.

«Рухани жаңғыру орталығының» басшысы Уәлихан Ибраев жастар бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін арттыруға аянбай үлес қосу керектігін баса айтты. Орталық қызметкері, тарихшы Жайна Сыдықова бұл орайда: «Жастар арасында батырлар жыры, дастандар, толғауларды талдау арқылы жергілікті жер-су атаулары, тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы тарихи танымды қалыптастыру қажет. Жергілікті архивтерде сақталған құжаттармен жүйелі жұмыс жасау, Сыр бойындағы тарихи орындар мен аңыздар негізінде балаларға арналған танымдық кітапшалар мен фильмдер дайындау ісін нақты қолға алған жөн», – деді.

Қызылорда Облыстық Халық шығармашылық орталығының директоры Жанат Ашанқызы мақала міндеттейтін шараларды тілге тиек етіп, ұлттық болмысымызды сіңіріп өскен ұрпақ тәрбиелеу басты міндет екенін атап өтті.

«Ел Президентінің «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады», – деген сөзі көптің көкейін дөп басқаны сөзсіз. «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Үйтолған Жареке ұлттық дәстүрді дәріптейтін мазмұнды мерекенің маңызын арттыруға қатысты ұсынысын білдірді. Осы мақсатта бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Бабалар салған сара жол

Тәуелсіз ел болу бабалар арманы, ал қазақ жері − бабалардан қалған аманат. Биыл Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр.

Осыған орай ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” тақырыбында мақаласы жарияланды. Мақала халықтың көкейінде жүрген көптеген сұрақтарға жауап берді, халықтан қолдау тапты. Мақаланың әр айдары оқыған оқырманға, тыңдаған тыңдарманға ой салып. тарихтан тағылым алуға, келешекке жарқын сеніммен қарауға, болашақтағы бағыт-бағдарын айқындауға, алдағы игі істерге ұмтылуға шақырады.

“Қоғам мен құндылық” айдарындағы қазақ үшін тоқымдай жер қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Біз соны бағалай білеміз бе? “Жер қадірін білу жалған ұранымен өлшенбейді” делінген. Бабалар аманаттаған жерді табиғат байлығын сақтау, таза ұстау − әрбір азаматтың парызы.

Г. ПІРІМЖАНОВА,
ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметкері

ТАЖАЛМЕН БЕТПЕ БЕТ

Есірткі – ғасыр дерті. Ол – адам санасын улап, адамдық болмысынан айыратын ғасыр тажалы.

Бұрын есірткі туралы әңгімелер сирек айтылатын. тек өзге елдерде ғана болатын сияқты еді. Ал, қазір біздің елімізде де көбейіп. күнделікті әңгімеге айналып бара жатқаны өкінішті. Қаншама адамдар осы есірткіні пайдаланып, өз өмірін кор қылып жатса да, тыйым болмай тұрғаны өкінішті.

Мен есірткі және оның адам баласына тигізетін көл-көсір зияны туралы айтып берейін: Есірткіні қызық үшін деп бір рет пайдаланып көрген адам өмір бақи сол есірткінің құлы болғанын аңғармай да қалады. Содан кейін екінші рет, одан үшінші рет пайдаланады. сөйтіп еріксіз есірткінің тұтқынына айналады. Есірткіні пайдаланған адамның санасы тұманданып, өзгелер түгілі өз жақындары, яғни бір отбасындағы адамдардың өзі жат бола бастайды. Есірткі сатып алу үшін кез келген нәрсені, тіпті отбасындағы адамдарды да құрбан етуден тайынбайды. Әкесі мен жарық дүние сыйлаған анасын, бауырларын есірткінің жолында сатып кетеді. Өз үйін өзі ұрлайды, кәдеге жарайтын заттарын сатады. Ақырында адамгершіліктен ада болып, азғынға айналады. Ол өзінің күнделікті өмір дағдысынан айырылады, бұрынғы өмірі мүлдем басқа арнаға өзгереді.

Менің жас достарым, адам қалпында қалу үшін, денсаулығы мықты, парасатты адам болу үшін саламатты өмір салтын сақта! Дұрыс жолды таңда!

Айғаным АМАНҚОСОВА,
Қармақшы ауданы

ДЕНСАУЛЫҒЫҢДЫ ЖОҒАЛТПА!

Ақша жоғалтқаның − ештеңе жоғалтпағаның. Уақыт жоғалтқаның − көп нәрсе жоғалтқаның. Денсаулық жоғалтқаның − бәрін жоғалтқаның деген халық даналығы біздің өміріміздің басты ұстанымы болса керек-ті.

Қазіргі таңда бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселелердің бірі − адам денсаулығы. Адам өміріне қауіп төндіретін жағдайларға соғыс, ашаршылық, экологиялық жағдайлар және адам ағзасына зиянды әрекеттер жатады. Осы жағдайлар ішіндегі бізге түсінбеушілік тудырып отырғаны, яғни адам ағзасын азғындайтын зиянды әрекеттер. Айта кетер болсақ, шылым шегу, ішімдік, есірткі (нашақорлыққа салыну), т.б. Бұл − біздің өміріміздің тауқыметі.

Есірткі − бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Оның негізгі түрлеріне апиын, кокаин, көкнәр. марихуана және т.б. жатады. Барлығы да адам ағзасы мен психикасын бұзады. Біздің елімізде ресми түрде 48 мыңға жуық нашақор наркологиялық диспансерде тұрса, ал тіркелмегендер саны одан әлдеқайда көп. Әр қалада нашақорлықтан емделетін диспансерлік орталықтардың жұмыс істеуі де содан.

Мен осы тақырып аясында ізденіс жасап жүріп, отбасымдағы адамдардың пікірін білуге асықтым. Турасын айтқанда, әкемнің айтуынша, бұл − өлімге апаратын бірден-бір жол. Анам үшін нашақорлық дерті − қоғам үшін айықпас қасірет.

Мен және менің отбасым барлық адамзат баласын қауіпті әдеттен аулақ болуға шақырамыз.

Шұғыла ҚАЗБЕКҚЫЗЫ.
ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ

ӨМІР ӨЗ ҚОЛЫҢДА!

Біз жарқын болашақ иесі, саналы ұрпақ ретінде зиянды әдеттерден аулақ болып, өзімізді де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуді, саламатты өмір сүруді, нашақорлықтың алдын алуды үйренуіміз керек. Жасөспірімдерге арналған көптеген іс-шаралар осы мақсатты көздейді.

XXI ғасырда қоғам тек жалаң адамдар тобынан ғана емес, сонымен бірге денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні кіршіксіз таза, танымдық белсенділігі, өздігінен білім алуға деген ынтасы мен шығармашылық қабілеті ерекше тұлғалардан тұруға тиіс. Олай болса, біз саламатты өмір салтын насихаттап, XXI ғасыр – саламатты қоғам ғасырын құруымыз керек.

XXI ғасырда адам баласының басына төнген қауіпті эпидемия – нашақорлық дерті кең тарап барады. Есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық ауруына ұшыратады. Нашақор есірткісіз өмір сүре алмайтын бейшара халге түседі. Грек тілінде “ұйқы” мағынасын білдіретін «narke» сөзі. ағылшын тілінде «narkotik» деген сөзге айналып, ұйықтау, жансыздандыру, сезімсіздендіру деген мағынаны береді.

Нашақорлықпен ауыратындардың өмірі ұзаққа бармайды. Өмірімізді ұзарту да, қысқарту да өз қолымызда.

Шахмадин ЖАМБЫЛБЕКҰЛЫ,
Арал ауданы, Қосжар ауылы

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Есірткі – әдетте есірткі анальгетиктер деп аталатын апиыны бар заттарға немесе опиодтарға жататын зиянды зат. Мұны көп адамдар жақсы біледі. Тіпті салдары неге апарып соқтыратынын біле тұра, адамдардың кейбірі бұған үйір келеді. Бұл – қоғам үшін өте қауіпті.

Меніңше, әр адам өз өмірін сақтауға және ұзартуға жауапты. Бұл ретте есірткіден саналы түрде бас тарту керек. Өйткені ол адам баласының ағзасын улайды, денсаулығын. жүйке жүйесін зақымдайды, өз-өзіне бақылау жасаудан қалады. Оған өмір бойы тәуелді болу үшін бір рет тұтыну жеткілікті болуы мүмкін. Әлемде мұндай мысалдар жиі кездеседі. Болашақ жоспарын, көздеген мақсатын жоғалтқан адамдар қаншама?! Олардың өмірі кейінгі буынға сабақ болуға тиіс.

Көбінесе ата-анасының назарынан тыс қалған жасөспірімдер нашақорлыққа шалдығады, алайда бұл пікір ересек адамдар мұның санатында жоқ дегенді білдірмейді. Түптеп келгенде. нашақорлық жеке адамның емес, қоғамның мәселесі.

Қадірлі дос, болашағыңды ойла! Өз өмірің – өз қолыңда! Саламатты өмір салтын ұстану – өз болашағың үшін маңызды. Сен – қоғамның бір бөлшегісің. Сенің саулығың қоғам саулығына үлес қосады.

Жауқазын ӘБЕН,
Қармақшы ауданы

КӘСІП БАСТАУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

Гүлнұр Құрмантаева

Кәсіпкерлер палатасы: ***жыл басталғалы Қызылордада бизнес өкілдері тарапынан салықтық мәселелерге қатысты кеңес алу ерекше сұраныста. Бұл туралы Палатаның сарапшысы Гүлнұр Құрмантаева мәлімдеді. Сондай-ақ оқырмандар тарапынан қойылған бірнеше сұраққа жауап берді.***

– Жыл басталғалы Палата кәсіпкерлерге қандай қызмет көрсетіп жатыр?

– Кәсіпкерлер палатасының бизнес өкілдеріне немесе кәсіппен айналыссам деген азаматтарға арналған қызметтері удайы тегін жүргізіледі. Мәселен, биыл 5 қаңтардан бастап Кызылорда қаласында Палата жанындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары жұмысын бастап кетті. Орталықта қазір бухгалтерлік есеп бойынша, құқықтық мәселелерге қатысты, маркетинг сұрақтарына арналған және мемлекеттік сатып алу саласына қатысты менеджер-кеңесшілер жұмыс жасауда. Ал аудандарда Палатаның филиалында Кәсіпкерлерді қолдау орталықтары жумыс жасауда. Әр ауданда бір менеджер кеңесші бар. Олар кәсіпкерлерге немесе бизнесін ашуға талаптанып жүрген азаматтарға мемлекеттік бағдарламалар туралы кенес береді. Мысалы, «Кәсіпті бастау үшін не қажет? Қайда бару керек? Неден бастаған жөн? Қандай мемлекеттік бағдарлама аясында несие ала аламын немесе қайтарымсыз грантқа қатыса аламын? Талаптары қандай?» деген секілді ж»не өзге де кәсіпкерлікке қатысты сауалдарға жауап ала аласыздар. Ал сервистік қызметтерді кәсіпкерлер оффлайн немесе онлайн форматта ала алады. Оффлайн форматта қызмет алғысы келетін азаматтар үшін Қорқыт ата көшесі, 123 мекен-жайдағы «Бизнеске арналған үкімет» ғимаратындағы, 1 қабатта өз қызметтерімізді ұсынып отырмыз.

– Сервистік қызметтердің кеңес беруден айырмашылығы неде?

– Сервистік қызметтерде біз белгілі бір қызмет түрін көрсетеміз. Мәселен, кәсіпкерлердің тегін бухгалтерлік,салықтық, статистикалық есебін тапсырып береміз, келісім-шарт, өзге де құқықтық құжаттарын әзірлеуде көмек береміз, белгілі бір мемлекеттік бағдарлама аясында несие немесе гранттық қаржы алғысы келген жағдайда кәсіпкерге бизнес-жоспарын әзірлейміз, мемлекеттік сатып алу қызметінде, аты айтып тұрғандай, порталға тіркелу жолдары, сатып алуға қатысу процестеріне қатысты кеңестер ұсынамыз.

– Жыл басталғалы қандай қызметтер сұранысқа ие. Жалпы кәсіпкерлердің белсенділігі қандай?

– Қазіргі таңда есепті тапсыру кезеңі болғандықтан, салықтық қызметтерге қатысты сұраныс өте жоғары. Мұнан өзге, қаржы институттарына құжат ұсыну үшін біздің мамандарымыз бизнес-жоспар жасауды бастап кетті. Жыл басы, өздеріңіз де жақсы білесіздер, мемлекеттік сатып алуға қатысты нормативтік құжаттарда өзгерістер болады. Бұл мәселеге қатысты да кәсіпкерлер кеңесін алуда.

– Жаңа сіз қызметтерді онлайн алуға болады деп айтып кеттіңіз. Кәсіпкерлер қандай платформа арқылы ала алады?

– Онлайн қызметтерді https://g4b.kz/ сайты арқылы ала алады. Қызмет алушы кәсіпкердің электронды цифрлық қолтаңбасы және қажетті қызметіне қатысты құжаттары болу керек. Сайтқа кіргеннен кейін қажетті қызметті таңдап, онлайн ала береді. Мұнан өзге, аталмыш платформада таңдаған қызметі бойынша менеджер кеңесшімен де байланысып, сауалын қоя алады. Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда 40-02-02 байланыс нөміріне хабарласа алады.

ЖАСТАРҒА QOSYL

Бекен ЖАМБЫЛОВ

Qosyl қалалық жастар ресурстық орталығы өз жұмысын тұрақты түрде жүргізуде. Былтырдан бері тізгінін қолына алған белсенді жас Сабыржан Кеңшілік креативті идеяларды жүзеге асырып келеді. Жастарды қызықтыратын конкурстың түр-түрін осы жақтан көруге болады. Мұнымен қоса жастар үшін тегін курстар қарастырған. Аспаздық дерсіз, тіл білуге машықтану т.б. осы орталықтан үйреніп шығуға мүмкіндік бар. Оның үстіне арнайы психолог маман жастарға септігін тигізуде. Бүгінде жаңа кадрмен толыққан орталықтың басты міндеті – ауылдық жастармен тікелей жұмыс істеу. Олармен етене танысып, бетпе-бет кездесу. Мәселесіне үңіліп, шешімін табуға бірлесе атсалысу.

Бүгінде жастар арасында шаралар жиі өтеді. Карантин кезінде жастардың уақытын тиімді пайдаланып, қызықты дүниелер ұйымдастыру олар үшін оңайға сокпады. Көше кезген жігіттерді түзу жолға салып, қоғамға бейімдеу де олардың күнделікті тірлігі. Ал ұйымдастырушылық қай салада да басты орында. Бұл қызметті – Бекен Ғалымжанұлы атқарады.

Ол Арал ауданының тумасы. Қорқыт ата атындағы университетте Педагогика және психология мамандығында білім алған. “Qosyl” жастар ресурстық орталығына келгеніне жарты жыл уақыт болды.

Жыл басталғалы жоспар құрып, ұзын-сонар тізім жазатынымыз белгілі. Бекен де өткенге көз жүгіртіп, болашаққа болжам жасады. Оны ақ параққа түсіріп. біртіндеп жүзеге асыру ойында бар. Соның бірі әлеуметтік желі қолданушылары яғни блогер, вайнер, тиктокер жастардың басын қосып, жаңа ұйым құру, жастарды жан-жақты дамытып бағыт-бағдар беру. Орталықта ұйымдар өте көп. Олардың бірі 20 жылдық тарихы бар “Ұлағат” ұландары, “Ақиқат айнасы” пікірсайыс ұйымы, Жайдарманшылар, Альянс ұйымы, KazRobotcs және тағы да басқа үйірмелер қаркынды жұмыс жасауда.

Бақсаңыз. кей шараға жастар мәжбүрлі түрде барады. “Шыға алмай жатырмын, тізіммен тексеріп кіргізді” деген сөздерді де жиі естиміз. Ал жастар арасында шаранын көп өтетіні де белгілі. Бірде бір колледж студенттері қамтылса, енді бірде келесі колледж студенттері келеді. Ал қалалақ жастар ресурстық орталығында бұл жүйе қалай жүзеге асады? Бұл сауалды ұйымдастырушы Бекеннен сұрап көрдік.

– Біздің іс шаралар онлайн және офлайн форматта өтеді. Офлайнға келер болсақ, барлық карантин талаптарын сактап, маскалық режимде өткіземіз. Жастар да оны қолдайды. Қазіргі жастар өте белсенді, өткізілген әрбір шарада бой көрсетуге тырысады. Біз ешкімді мәжбүрлемейміз, қайта риза болып қайтқандарын көреміз. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде “Qosyl” жастар орталығы десеңіз. біз белсенді қызмет етудеміз. Әрбір шаралар туралы хабарландыру шығарылады. Көргендер ерікті түрде келіп қатысады, – дейді ол.

Жастардың instagram парақшасын қарасаңыз, “мынау шынымен өзі ме” деп таң қаласыз. Себебі неше түрлі образға кіріп, адамның көңілінен шығатын, ой саларлық баннерлер түсірген.

– Жастар орталығы жастарға өте тиімді мекен десем болады. Казіргі танда жастар көбіне видео түсіреуге құштар, оларға арнайы видео түсіретін студия аппараттары бар және спортқа құмар жастарға үстел теннисі, өнерге құштар жандарға гитара бар, айтпағым, өлең жаздырғысы келетін жандарға да жағдай жасалған. Иә бұл менің жоспарымда бар. Жастарға үлгі болып жүрген, осы блогерлік өмірде жетістікке жеткен жандармен кездесу ұйымдастырып, олармен пікір алмастырсам, – дейді ол өз сөзінде.

Кинотеатрлардың біршама уақыт бойы жабық тұрғаны белгілі. Одан қалды билет бағасын шарықтатып жіберді. Бұл студенттер үшін қиынға түседі. Мұны ескерген орталық оқу орындары мен мектеп оқушылары үшін тарихи кинолар көрсетіп тұрады. Алдағы уақытта кинотеатр жұмысын жандандыру назарға алынған.

Бүгінде жастардың талғамы жоғары. Анау-мынау нәрсені менсіне бермейді. Смартфонның түр-түрін ұстайды. Оның үстіне айфон маркалы телефон барлығында бар. Сосын сурет пен видеоға түсудің өзіндік ерекшеліктері бар. Оларға мұқият мән береді. “Жан-жақты өткізуге тырысамыз, спорттық шара қызық, интелектуалды сайыс болса да, өнерді де құр қалдырмаймыз. Соғыс ардагерлерімен кездесу ұйымдастырып жатырмыз, тек бізден жастар керегін сұраса, біз барлық жағдайды жасауға тырысамыз”, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде жастар арасында ұйымдастырылған қандай шара болса да өзекті. Көбіне көп отбасын құру, кәсіп бастау, өмірлік ұстанымынан айнымау өзекті такырыптар легінде. “Шара өткізгенде жастар риза болса және өздеріне керекті кішкене болсын ақпарат, көкейлерінде жүрген сұраққа жауап тапса, бастысы осы”, – дейді Бекен Жамбылов.

“Қазіргі жастың көңілінен шығу оңай емес” дейді ол. Рас жастар тың идеяны ұнатады, талапты да күшейткенді жөн көреді. Жастардың көңілінен шығу үшін көп ойланып, көп толғануға тура келеді. “Видео түсіру, монтаждау әлеуметтік желіні игеру. Бұл, бір жағынан. дұрыс та шығар. Себебі қазіргі заман талабы осы. Біз шара өткізер болсақ, міндетті түрде жастарды ең алдымен өзімізге тартуға, кызықтыруға тырысамыз. Оларға пайдалы жағын түсіндіреміз. Қажет болмаған жағдайда қинап ұстағанның еш пайдасы жоқ. Жасандылық бізге тән қасиет емес”, – дейді Бекен.

Өткізілетін шара көп. Тіпті тізімінен шатасасыз. Біреуі бітіп жатса, екіншісі басталып кетеді. Сосын осының бәрі “көз бояушылық емес пе?” деп тағы ойланасың. Сөйтіп жүргенде шаралар тек қағаз жүзінде өтетіндей көрінеді. Әрбір шараның маңызына үңіле келе, бұл ойымыздың бұрыс екенін де түсінеді екенсің. Сонымен ұйымдастырушылықтың қыр-сырын Бекен секілді білікті мамандардан білдік. Қай шара болсын, бастысы, аудитория жинау. Оның жасы. саласы әрине маңызды. Бір саланың адамын екінші саланың жиналысына қатыстыра алмайтынымыз рас. Бекеннің көп идеяларымен қаньқ болдық, Сабыржаннын да фейсбуктегі белсенділігіне көз жүгіртсек, жастарды жігерлендіретін тың жобалар күтіп тұр. Олай болса, іске сәт!

Мөлдір САБЫРЖАН

ТРЕЙДЕР БОЛУДЫҢ ТАЛАБЫ МЫҚТЫ

Думан ЕРҚАНАТ

Думан Ерқанат. 22 жасында АҚШ-тың Колорадо штатының Денвер қаласына көшіп келген. Бүгінде 28 жастағы қазақ жігіті табысты биржалық маклерге айналып үлгерді. Биржалық акциялармен жұмыс істейтін ол Уолл-стрит беделді биржалық қордағы трейдинг компаниясынан дәріс алып, қазір ел азаматтарын бұрын таңсық емес биржа саласында табыс табуға бағыттап жүр. Күніне 500-700 доллар табыс табатын кейіпкерімізбен тілдестік.

ӘЛЕМНІҢ 7 ЕЛІНЕН СТУДЕНТТЕРІМІЗ БАР

Америкаға келгелі 7 жылдан асып кетті. Колорадо штатында тұратын туған ағам Америкаға келуіме, білімімді жетілдіруіме себепші болды. Шет елде білім алып, өмір сүрудің сапасына қарай құны да жоғары. Мұнда білім алу көбінесе ақылы. Оның үстіне қымбат болғандықтан, мектептің кампусында жарты күн жұмыс істеп, одан бөлек ағамның онлайн бизнесіне көмектесіп қаражат тауып, оқу ақысын төледім. Окумен қатар Денвердің жергілікті компаниясында менеджер ассистенті ретінде жұмыс істедім. Бұл импорт, экспорт бағытында жұмыс істейтін компания болатын. Компаниядағы жұмыс айтарлықтай үлкен тәжірибе берді. Қазір Дуниежузілік Tesla, Apple, Facebook, Amazon сияқты компаниялар мен жұмыс жасаудамын. Одан бөлек өзімде акедемиялық оқыту плаформасы бар. Осында SMB capital Wall Street-те білім алып, қазіргі таңда тәжірибелі трейдерге айналдым. Ең алғашқы қазақша курстың негізін қалап, қазіргі Казақ жастарына білім мен тәжірибеммен бөлісудемін. Баска да әлемнің 7 елінен студенттеріміз бар. Америка – жалқауларға арналмаған мекен. Әрине басқа кез келген мемлекет секілді Американың өзінің өмір сүру салты бар. Медицина, білім, басқа да салалары сапалы, соған қарай бағасынан да айналып өте алмайсың. Адамдардың көбісі өз жұмыстарымен ғана айналысады, осы әдет мені де өзгертті деп айтса болады. Өте көп еңбектену қажет.

ТРЕЙДЕР ЖӘНЕ ТРЕЙДИНГ

Денвердің қаржылық компаниясында аналитик ретінде жумыс істеп, анализ жасаумен айналыстым. Кейіннен инвестицияға қызығып, Американың биржалық қорына инвестиция және сауда-саттық жасай бастадым. Акциялармен жұмыс, маған ыңғайлы екенін түсініп трейд жасаумен айналысып кеттім. Биржалық трейдинг – Америкадағы мәңгі сала. Өйткені Американың заманауи экономикасы акцияларға байланысты. Дүниежізілік Tesla, Apple, Facebook, Amazon сияқты компаниялар да акция арқылы іс жүргізеді және болашақта акция ең үлкен экономикалық саланың біріне айналады. Американың 50-60 пайыз халқы, қандайда бір компаниялардың акция иегері және олардың инвестиция жасауы қарапайым күнделікті әдетке айналдырған. Трейдер сөзі ағылшын тілінен аударғанда «саудагер» деген мағынаны білдіреді. Трейдерлар валюталық биржалык нарықта, акцияларды алып сату операциясын жасайды. Баға айырмашылығынан пайда табатын маман. Әлемдегі ең ірі биржалық орталықтары New York Stock Exchange және Nastaq деп аталады. Ол Нью-Йорк-та орналасқан. Электрондық режимде сауда жасай бастаған ен бірінші биржа бұл – Nastaq. Ірі IT компания секторлары осы биржалық корда ұсынылған. Трейдер атанып, биржа нарығында табысты сауда-саттық жасап ақша табу үшін, алдын-ала дайындықтан және арнайы білімнен өту керек. Сауда-саттық трейдерлердің психологиясына қалай әсер етсе, соншалықты оның трейдттегі табыс нәтижесіне де әсер етеді. Дер кезінде дұрыс шешім қабылдай біліп, сіз эмоционалды тұрғыда әрі шыдамды әрі анализ жасай білуіңіз қажет. Енді биржада сауданы бастау үшін қанша ақша қажет деген сұрақ туындайды. Бұл сіздің қалауыңызға және нарыққа қанша уақыт бөлуге дайын екеніңізге байланысты. Нарықтағы сауда-саттық тәуекелмен байланысты екенін нақты түсіну керек. Жаңадан бастаушылар үшін саудалық шотыңызға көп ақша салуға асықпауға кеңес беремін. Биржада ақшамен қоштасу өте оңай, бірақ табыс табу жолын білсең табыскер болу да қиын емес. Сондықтан асықпай, барлығын дәйекті түрде жасау қажет.

УАҚЫТ ИНВЕСТИЦИЯСЫ

Америка десек, көз алдымызға шет елдік керемет өмір, және сапасы жоғары білім мен сайттар мен журнал бетіндегі миллиардерлар көз алдымызға елестейтіні белгілі. Көптеген табысты миллионерлер ақшасын осы инвестицияға салып арттыруда. Ал елімізде биржамен халықтың 1%-ы ғана айналысады. Трейдер болып бастау бұл сіздің капиталыңызға және сауда саттық стиліңізге байланысты. Көптеген жаңадан бастаушылар акция саудасымен айналысуды, кыска мерзімде байып кетудің оңай әдісі ретінде қарастырады. Табыстың түсуі және көбеюі сіздің әрдайым ізденісте болуыңызға байланысты. Көп тәжірибесі бар трейдерлар өз капиталының белгіленген пайызын ғана тәуекелге қояды және бұл өсіп-түсу пайызын өзгертпейді. Мәселен. трейдерлар күніне орта есеппен 500-1000$ аралығында табыс табады. Бірақ трейдер табысы оның біліміне тәуекелге бара алуына және капиталды басқара алатынына байланысты. Әрбір қазақстандық осы саланы меңгерсе, уақытқа инвестиция жасағанын түсінеді. Менің мақсатым – ел азаматтары арасында осы саланы дамыту. Германия. Татарстан, Жапония, Моңғолия, Канададан сабақ алып жатқандар бар. Өзім бірінші қазақ болғандықтан, бұл сала қазақтар арасында үлгермегеніктен, осы бағытты қандастарымның арасында да дамытқым келеді. 2020 жыл – әлем халқына пандемия салдарынан оңай жыл болған жоқ. Басқа экономикалық, әлеуметтік жағдайлар адамзатты биылғы жыл, біраз өзгертті десе де болады. Онлайн жүйесінде жұмыс жасау арқасында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Ең бастысы. АҚШ-тан Қазақстанға даму көпірі бола білдік. Қазақстандағы нөлден бастап трейдер болу, биржалық нарықта сауда саттықты үйрететін онлайн академия атандық. Қазақ жастарына әлемдік нарыққа шығып, білім деңгейін көтеріп Американың ірі компанияларының инвесторы атануға мүмкіндік бере алғанымыз бұл – үлкен қуаныш.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

ЗЕЙНЕТАҚЫ: ТІЗІМДЕ БАРСЫЗ БА?

Зейнетақы қорындағы қаржыны алуға болады деген ақпар кімді болмасын қуантып қойғаны рас. Көмекке мұқтаж жандар үшін бұл мемлекет тарапынан жасалған керемет сый есебіндей көрінді. Алайда Президент тапсырмасына сәйкес Ұлттық банк пен Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау минстрі зейнетақыны алудың шкаласын бекітіп, халықтың қуанышын су сепкендей басты. Еңбектеніп жиған тергенің барлығы бірдей алмайды. Нақты айтсақ, 70-90 мың аралығында жалақы алатын қызметкерлер үшін қордан ақша алу операциясы жасалмайды. Сонымен қордағы ақшаны шешудің шкаласына қысқаша тоқталсақ.

20 жастағы азаматтың шотында – 1 710 000 теңге
25 жастағы азаматтың шотында – 2 090 000 теңге
30 жастағы азаматтың шотында – 2 518 000 теңге
35 жастағы азаматтың шотында – 2 961 000 теңге
40 жастағы азаматтың шотында – 3 437 000 теңге
45 жастағы азаматтың шотында – 3 947 000 теңге
50 жастағы азаматтың шотында – 4 495 000 теңге
55 жастағы азаматтың шотында – 5 084 000 теңге
59 жастағы азаматтың шотында – 5 586 000 теңге
болуы тиіс. Көрсетілген жас мөлшеріндегі суммаларды тарқататын болсақ. Мемлекет кәмелет жасқа толған азаматты жұмыспен қамтамасыз ететін болса, 2 жылдың ішінде 1 710 000 теңге зейнетақы қорына жинау үшін ай сайынғы жалақысы 712 500 теңге болуы тиіс. Жоғары оқу орнын тәмамдап, мамандығын айқындап алған жастар кем дегенде 20 жасынан бастап жұмысқа орналасқанын есептейтін болсақ, 5 жыл ішінде 2 090 000 теңге жинау үшін бір айлық еңбекақысы кем дегенде 348 330 теңге болуы шарт. Мұндай шкала мемлекеттік қызметте немесе қарапайым жұмыс істейтіндерді қуантпай тұр. Дамушы мемлекеттерден үлгі алғанды құп көреміз. Мысалы, Малайзияда зейнетақы қоры алудың ережесі тіпті бөлек. Біздің елдегідей шектеу жоқ. Қажылыққа барғысы келген адамды толығымен қаржыландырады. Яғни кез келген адам Меккеге зейнетақы қорындағы ақшамен барып келе алады. Сингапурда зейнетақы қорына жиған тергенің тұтастай үй алуға жұмсауға рұқсат берілген. Сондай-ақ аталған елде «зейнет ануитеті» деген ұғым бар. Соған сәйкес зейнетақы қорында жеткілікті көлемде қаражат жиналған болса, кез келген адам зейнет жасын күтпей, зейнетке шыға алады. Бұған қоса бұл адам зейнет ануитеті арқылы есепшотындағы қаржысын сақтандыру қорына аударып, ай сайын қомақты көлемде пайыздық мөлшерлеме алу мүмкіндігіне ие болады екен.

www.enpf.kz порталның ресми дерегі бойынша зейнетақы қорындағы салымшылардың саны 11 млн 560 мың. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтың айтуынша, 2021 жылы зейнетақы қорындағы қаражатының бір бөлігін 721 мың азамат алу мүмкіндігіне ие. Көрсеткішті пайызға шақсақ елімізде 1,6% салымшы қордан қажетті қаражатын пайдалана алады. Бұл көрсеткіш зейнетақы қорындағы қаржысынан үмітті халықтың 98,4 пайызы үміт үзу керек екенін меңзейді.

Ерасыл ШӘРІБЕК

ШАҢ БАСҚАН КІТАПТАР

Кітапханадан әдеби кітап оқу мақсатында кітап сөрелерін ақтара бастадым. Жаңа әдеби басылыммен толыққан кітапхананың ішкі сұлулығы көз тартады. Кітаптардың мұқабасы да, сыртқы пішіні де ерекше көз тартады. Жаңа әдебиеттердің басым бөлігі 2010-2015 жылдары басылған. Ал кітаптың мазмұнын көрейін деп парақтасам, бұрын-соңды ашылмағанын, тіпті оқылмағанын аңғардым. Кітапханада мұндай кітаптың қарасы қалың. Тіпті арасында мемлекеттік тапсырыспен шығарылғаны да бар. Қомақты қаржыға басылған кітапты оқырман іздемесе, бұл өкінішті жағдай. Кітаптарымыз кітап сөресінде шаң басып жатпас үшін кітап шығару мәселесін оңтайландыру қажет сынды.



Мәселен, бұрын кітапты тек ғалымдар, білімі зор тұлғалар ғана жазса, бүгінде көрген-білгенімен бөліскісі келетін саналы, көзі ашық адамдар да кітап жазып, оны жариялай алады. Яғни кітап шығаруға әркімнің-ақ бар таласы. Кей атақ-құмар кісілер кітабын, қолқалап өткізетінін талай көріп жүрміз. Елге сыйлы азаматтардың мұндай әрекетін көргенде қынжылатынымыз рас. Бірақ амал қанша?! Осы тұста әрбір автор ескеруі қажет мәселе бар. Кітап шығармас бұрын қаншалықты сұранысқа жауап беретінін ескеру маңызды. Тіпті бұл мәселені бақылайтын ұйым немесе одақ қажет сияқты. Әрбір автордың туындысы қоғамдық сүзгіден өтіп отырса, бұл олқылықтың орнын жоюы мүмкін.

Қазір қай жерде болмасын трендке айналған кітаптар қатарында бизнеске бағыттайтын, ақшаны қалай үнемдеуді насихаттайтын кітаптармен қатар психологиялық туындылар сұраныста. Өйткені қоғам қаржылай сауатты, дағдарысқа қарсы тұру үшін психологиялық тұрғыда мықты болғысы келеді. Сондықтан бұл сала мамандарының қай ісі де табысқа кенелтуде. Бірақ қоғам бір сатыда қалмайды. Бұл сұраныс та уақытша болуы мүмкін ғой. Сондықтан мұны ескеріп, артымыздан өлмейтұғын сөз қалдыруды мақсат етуміз қажет. Ол үшін не істеу керек?

Мәселен, Омар Жәлелұлы кітап шығару ісін былайша жеткізген:

– “Кітап шығару” деген қазіргі заманның түсінігі. Қазіргі кейбір ақындарға ақындықтан гөрі кітап шығару маңызды сияқты. Абай мұндай мәселемен басын ауыртпаған, толғағы келгенде туатын анадай толғатып, ішін кернеп, жан-дүниесін өртеп, жарыққа ұмтылған өлеңдерін жазып тастай берген. Абай ақындығына мақтау да күтпеген, ақындықты “дерт” деп қабылдаған адам қоғамнан мақтау, марапаттау күтсе не болмақ? Ал Мұқағалидың жөні бөлек: ол өмір сүрген заман “кітап шығаратын” заман, талапкердің ақындығын шығаратын кітабымен өлшейтін заман. Абайдың бақыты сонда, әдеби орта, әдеби интрига, кітап шығару, қаламақы алу секілді ақындыққа еш қатысы жоқ нәрселермен бас қатырмады, – дейді.

Рас, кітапты пайдаға кенелемін деп шығару надандық. Ал оқырманға ой саламын деу екі дүниеде де табысқа жетелейді. Мысалы, XX ғасырдың басында классикалық әдеби туындыларға бай Еуропа үшін Джоан Роулингтің «Гарри Поттер» жайлы шытырманға толы хикаясы ақылға сыймайтын туынды деп 14 баспа жариялаудан бас тартқан. Бірақ бұл кітап біршама қиындықтан соң басылып, қазір 450 млн данамен сатылған дүниежүзіндегі ең үздік кітаптардың қатарына енді. Ал фильмнен түскен табыс айтпаса да белгілі. Біздің қоғамға да осындай резонанс тудыратын дүниелер, әдеби кітаптар қажет-ақ. Бірақ оқырман талғамына жауап беретін туындылар жоқтың қасы. Айналып келгенде, бір оқыған әдебиетімізді қайта оқитын дәрежеге жеттік. Бұл мәселе жаңа кітаптың жарық көрмеуінен емес, әдебиетіміздегі шоқтығы биік туындылардың қатарын толықтыра алмауынан. Заман ағымына қарай, кітап шығару ісін де табыс көзіне айналдырамыз деп бармақ тістеп отырған жайымыз бар.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

ЖАСТАРДЫ ЖЕЛІКТІРГЕН

Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің қолданысы шарықтау шегіне жетіп тұр. Соның ішінде әлем бойынша Instagram, Facebook және Youtube желілерін басып озған Tik-tok желісін еңбектеген сәбиден, еңкейген қарт кісілерге шейін қолданады. Біреулер үшін бұл қызығушылықтан туындаған қаралымдар болса, кей адамдар үшін бұл – табыс көзі. Яғни, желіде шет елдік әуендерге би-билеу арқылы немесе образдар арқылы яки фонограмма есебінде ән салу т.б. жасау арқылы трендке айналдырып, бір-бірін қайталайды.

Тренд деген не? Бұл бір бестселлер сынды дүние. Бейне бір шоқ жұлдыз секілді тез өтіп, таралып кетеді. Мысалы, айдың басында осындай видео түсіру қажет болса, соңында басқа видео яғни әуен немесе би қимылдары трендке айналып, танымалдылық артып кетеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда айтып өткендей, түсірілетін видеолардан бөлек жастардың сана сезімін улайтын видеожазбалардың да қарасы көбейіп келеді. Неше түрлі ерсі қылықтарды қайталаймын деп, тренд үшін құрбан болғандардың саны артуда. Сонда біздің елдің жастары осындай насихатқа құмар ма?

Бұл желінің тарихына келер болсақ, 2016 жылы Byde dance компаниясы іске қосқан еді. Қазіргі таңда бұл желі әлемнің шамамен 150 елінде, миллионнан астам адамның қолданысында. Мұнымен қоса бұл әлеуметтік желі Қытай еліне тиесілі. Осыдан бірнеше ай бұрын АҚШ елінің бұрынғы Президенті Дональт Трамп Tik-tok әлеуметтік желісінің Америка Құрама Штаттарында жабылатынын мәлімдеді. Американың белсенді tik-tok қолданушылары арасында осы жағдайды естіп, көзіне жас алып, қоштасып жатқандар болды. Бұған себеп Дональт Трамп АҚШ-та Қытай елінің жасаған сайттары мен мобильдік қосымшаларының таралуы ұлттық қауіпсіздікке, сыртқы саясатқа және Америка Құрама Штаттарының экономикасына қауіп төндіреді деп есептейді. Дәл осы себептен Үндістан елі бұл қосымшадан бас тартты.

Саны мен танымалдылық артпаса кемімейтін бұл қосымшаны қолдану біреу үшін мақтаныш болса, енді біреу үшін намыс. Қандай жағдай болсада, өзге ұлттың менталитеті біздің қазақ жастарының бойына сіңіп кетпесе екен. Өз еліміздің әдет-ғұрпын шетке ысырмайық. Мүмкіндігінше зиян келтіретін яки бұрыс нәрсені насихаттайтын нәрселерден бойды аулақ ұстауға тырыссақ, өзге үшін де, өзіміз үшін де пайда болар еді. Сөз соңында жастарға айтарым, қоғамдағы қызықтыратын жеңіл нәрселерге әуестенгенше кітап оқиық!

Нұрай ЗАДАШОВА,
11 сынып оқушысы,
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

Әсел БЕКЗАТХАНҚЫЗЫ, «Балбұлақ» халықтық үлгілі би ансамблінің жетекшісі:

"Балбұлақ" – әлем сахнасында

4 минут... Сахнадағы осындай қас-қағым сәтте олар бидің биік өнер екенін түсіндіріп үлгереді. Өздері сондай әдемі, талғамы биік, қимылдары көңіл пернесін дөп басады. Саусақтарына дейін сөйлеп тұрған олардың би ырғағына әлемдегі білікті хореографтар да жоғары баға беріп келеді. Бұл – биші бүлдіршіндердің сахнадағы еңбегі.

Алайда сахна сыртындағы дайындық пен үздіксіз жаттығуға екінің бірі тәуекел етпейді. Осы аптада "Балбұлақ" халықтық үлгілі би ансамблінің жетекшісі, Хореографтар одағының мүшесі Әсел Бекзатханқызымен әңгімелесу барысында үздік нәтиженің үлкен еңбектің арқасында келетінін тағы бір мәрте түсіндік.

– Биыл «Балбұлақ» халықтық үлгілі ансамблінің құрылғанына – 23 жыл. Осы орайда әңгімемізді ансамбльдің ең алғаш негізі қаланған уақыттан бастасақ...

– Алғашында бұл орталық музыкалық мектеп ретінде ашылған, арада біраз уақыт өткен соң Өнер мектебі болып ауысты. Себебі мұнда ән салу бөлімімен қатар ұлттық аспаптар, күйсандық, гитара, скрипка, сонымен қатар сурет бөлімі де жұмыс істейтін. Ал хореографиялық бөлім мектеп базасында 1998 жылы құрылып, «Балбұлақ» би ансамблінің негізін қалауға ықпал етті. Ансамбльдегі жалпы жүйенің қалыптасуына облысқа танымал ұстазымыз, белгілі хореограф Ақмарал Қойшығұлованың сіңірген еңбегі көп. Бұл кісі халықтық-сахналық биден сабақ беріп, мектеп қабырғасында жиырма жылға жуық уақыт қызмет етті. Ол кезде хореографиялық бөлімге келген оқушының бәрі ансамбльге мүше бола алмайтын, тек үздік, бойлары бірдей, келбетті оқушылар ғана қабылданатын. Сол үшін балалардың барлығы жақсы нәтиже көрсетуге талпынды, себебі тек ансамбль мүшесі ғана конкусқа қатысады деген талап болды. Бастапқыда хореографиялық бөлімге оқушылар 8-9 жастан бастап қабылданды. Бірақ қазір бұл жүйеге біршама өзгеріс енгізілді. Бүгінде би бөліміне балалар 6-7 жастан бастап қабылданады және бірден ансамбль мүшесі саналады. Бала хореографиялық бөлімде төрт жыл білім алғаннан кейін сахнаға шығып өзін биші, артист ретінде сезіну керек. Олар бізге осындай үмітпен келеді. Сондықтан оқушылардың бәрі ансамбль құрамында өнер көрсетеді деп шешім қабылдадық.

Бізде де орта мектептегідей төрт жылдық оқу бағдарламасы қабылданған. Әдетте бір сабақ 40 минутқа созылады, бала аптасына үш рет классикалық би, қазақ биі, халық биі, заманауи би пәндері бойынша төрт сабаққа қатысады. Ал аптаның сенбі күні ансамбльдегі би қойылымына дайындық жүргізіледі, себебі сабақ үстінде ансамбльдің жұмысын орындауға рұқсат берілмеген. Ол концерттік әрі конкурстық бағдарлама болған соң оқушылар ансамбль биін бөлек жаттайды. Оқушылар тоқсан сайын бағаланып, әр жарты жылдық біткен соң есеп беру концертіне қатысады. Балалар мектепке келген сәттен бастап заңды түрде тіркеледі, сондықтан бәріне бірдей сабаққа қатысу міндеттеледі. Мектептің би үйірмесінен басты айырмашылығы да осы. Тағы бір айта кететін маңызды жайт, келер жылдан бастап оқушылар хореографиялық бөлімде бес жыл оқиды. Себебі хореографияда білім алушы 7-9 жыл сабақ алу керек. Алайда біз кәсіби хореографиялық мектеп болмаған соң, баланы ұзақ уақыт ұстай алмаймыз.

– Мектепте хореографиялық білім алу ақылы екенінен хабардармыз. Солай бола тұра оқушыларды орталыққа қабылдамас бұрын алдын ала іріктеу бола ма?

– Иә, хореографиялық бөлімге түсу үшін алдымен шығармашылық емтихан тапсыру қажет. Тамыз айында балаларды қабылдамас бұрын екі апта классикалық және заманауи би пәні бойынша ақылы кеңес беріледі. Классикалық би баланың иілгіштігін, ептілігін анықтауға, ашық позицияны дұрыс ұстауға көмектеседі. Алғашында баланың биге икемін арнайы әдістер арқылы анықтаймыз, бірақ ол жеткіліксіз. Себебі оқушының музыканы тыңдап, оған ілесе алуы, келбеті, бойы, қимылды жаттап үлгеруі де өте маңызды. Осы екі аптаның ішінде балалар биді шынымен ұнататынын немесе қалмайтынын анықтай алады. Сонымен қоса биылдан бастап оқушыдан 086 медициналық анықтамасы талап етіледі. Өйткені биге қатысушы баланың дені сау болуы керек. Бізде жүктеме өте көп, сондықтан ата-анаға алдын ала ескерту жасаймыз. Балалар жаттығу жасап, секірген кезде басы айналып, тез шаршап қалады, кейде тіпті денсаулығына байланысты оқудан шығып жатады. Оқуға алғаш қабылданған бірінші жартыжылдықта бала үнемі шаршап жүреді, себебі төрт сабақты бірден үйрену олар үшін қиын. Сол үшін бірінші сыныпта оқушылар ешқандай концертке қатыспайды, сахнаға да шықпайды, олар бір жыл бойы би сабағына бейімделеді. Сондықтан біздің бөлімде оқып жатқан баланың басқа үйірмеге қатысуына рұқсат бермейміз. Тек өзінің мектептегі негізі сабағы ғана бірінші орында жүреді.

Қазір мектепте 97 оқушы бар. Сабақ құны – айына 7500 теңге. Бір аптаның ішінде бірінші сынып 9 сағат, екінші сынып 10 сағат, үшінші-төртінші сынып 11 сағат жүктемемен оқиды. Осылайша оқушылар төрт аптаның ішінде 44 сағат биден сабақ алады. Меніңше, бұл – балалар үшін үлкен мүмкіндік. Қарап отырсаңыз, қалада 44 сағат биден сабақ үйрететін ешқандай үйірме де, мектеп те жоқ.

– Ансамбль бишілері үздік нәтиже көрсеткені үшін «халықтық үлгілі» атағы берілген екен. Бұл жетістіктің жауапкершілігі де жоғары болар?!

– Дұрыс айтасыз. 2012 жылы мектепке арнайы мемлекеттік комиссия келіп, би ансамбльдерінің концертіне бағалау жүргізді. Сол сәтте «Балбұлақ» ансамблінің би қойылымдары көптің көңілінен шығып, халықтық үлгілі атағы берілді. Содан бері әр бес жыл сайын осы атақты қорғап келеміз. Осы деңгейге сай болу үшін жыл бойы бірнеше халықаралық, республикалық жарыстарға қатысуға міндеттіміз.

Әрі «Балбұлақтың» халықтық үлгілі деген атағы болғаннан кейін бізге сұраныс көп. Қаладағы барлық мәдени іс-шараларға арнайы шақыратын болған соң, біз қашанда жаңа қойылымға дайындалып жүреміз.

– Ал өзіңіз бұл салаға, Өнер мектебіне қалай келдіңіз?

– Менің де бала күннен биге икемім болды, бірақ мектеп бітірер тұста айналамдағы адамдардың пікірімен өнерге қатысы жоқ басқа мамандыққа ақылы түрде оқуға түстім. Алайда бұл таңдауыма ата-анамның еш қатысы болған емес. Кейіннен бұл мамандықта оқуымды жалғастырғым келмеген соң, қайтадан хореографияда кәсіби білім аламын деп шештім. Бір жылға жуық уақыт дайындалып, шығармашылық емтихан тапсырдым. Осылайша Қорқыт ата атындағы университетке оқуға түсіп, хореография факультетін үздік бітіріп шыққан соң «Алекс» жеке би мектебіне жұмысқа орналастым. Алайда отбасылы болған соң бала күтіміне орай қайта демалысқа шықтым. 2008 жылы күтпеген жерден Ақмарал Мұсағалиқызы хабарласып, Өнер мектебіне

хореограф болуға шақырды. Шынымды айтсам, оған дейін бұл орталық жайлы мүлде білмейтін едім. Мектепке келген соң ол кісі мені өнерге қайта баулыды, баламен қалай жұмыс істеу керегін үйретті. 2017 жылы Ақмарал Қойшығұлова Асқар Тоқтамағамбетов атындағы мәдениет үйінен жеке би студиясын ашты да, хореографиялық бөлімнің жауапкершілігін бізге тапсырды. Алғаш ол кісі мектептен кетемін деген сәтте «бөлімді қалай ұстап қаламыз?» деген қорқыныш болғаны да рас. Бірақ уақыт өте келе жүйелі жұмысқа біз де бой үйрете бастадық.

– Би – өнердің ең әдемі түрі. Оны қою үшін, сахнаға шығару үшін қанша уақыт қажет? Бидің музыкасы, қимылы, ырғағы қалай таңдалады? Сахналық киімдерді кім дайындайды?

– Бір биге балалар әбден үйреніп, сахнаға сенімді шығу үшін кемінде 5-6 ай қажет. Осы сәтте ойыма мына бір оқиға түсіп отыр... (күліп) Қойылымға жетекшілік етуден қатты қорқатын бастапқы кезеңде Президент шыршасына екінші сынып оқушыларын дайындау керек болды. Сол жылы мешін жылы кіретін болған соң, балаларға маймылдардың қойылымын ұйымдастыру керек деген тапсырма берілді. Екінші сынып оқушылары сахнаға әлі шығып көрмеген соң, үшінші не төртінші сыныпты алғым-ақ келіп тұрды. Бірақ олар басқа мұғалімнің жауапкершілігіне берілген. Екінші сыныптың құрамында төрт ер бала бар, әрі қыздардың бойлары да біркелкі емес. Оған қоса бидің музыкасын табу да оңайға соқпады. Маймылдың дыбысын дәл сол күйі беру қаншалықты қиын екенін өзіңіз де түсінесіз ғой... Себебі бимен қатар, музыка да баланың көңілінен шығу керек, болмаса олар көңілсіз әсерін сахнаға алып шығады. Балаларға «сен дәл қазір адам емессің, сен маймылсың» деп сан қайтара түсіндіріп, сол бейнені қайталаудың өзі біраз уақытқа созылды. Әдетте жаттығу кезінде балаға омыртқа түзу болу керек деп талап қоямыз ғой, ал бұл қойылымда «жануар ешқашан арқасын тік ұстамайды» деп ескертумен болдық. Нәтижесінде қойылым біз ойлағаннан да жақсы шықты. 28 баламен жұмыс істеген сәттен сол қойылымнан бастап топпен би қоюды үйрендім. Қазір бір қойылымда 40-50 оқушы билейді. Бір өкініштісі, бізде ұл бала өте аз.

Сахналық киімнің де үлгісін өзіміз сызамыз. Түстер үйлесімді болу үшін суретшілермен ақылдасамыз, өзге ансамбльдердің костюмдерімен салыстырамыз. Себебі конкурста ансамбльдердің киімі бірдей болмау керек.

– Ансамбльдің халықаралық байқауларда бірнеше мәрте топ жарғанын байқадық. Сіздердің би топтарынан басып озған басты ерекшеліктеріңіз неде?

– Меніңше, би қойылымдарының сапасында болар. Өйткені біз әр қойылымға қатаң көзқараспен қараймыз. Мысалы, қойылымның 95 пайыз

сәтті шығуы музыкалық материалға байланысты, ал қалған бөлігін би қимылдарымен толықтыруға болады. Сондықтан бидің тақырыбы анықталған соң, соған сай музыканы ұзақ іздеймін, бірнеше әуенді тыңдай отырып, жаңа бір дүние құрастыруға тырысамын. Мұның өзі тәжірибемен келетін жағдай. Бұрын бір қойылымға бір ғана музыканы таңдасам, қазір бірнеше музыканың жиынтығын ұсынуды әдетке айналдырдым. Содан кейін ғана күндіз-түні ойланып, би қимылдарын шығара бастаймын. Оны балаларға жаймендеп үйретіп, жаттатқызудың өзі машақатты жұмыс. Алдымен топты екіге бөліп дайындық жүргіземіз, бірі жаттығу жасағанда келесі топ биді жаттап, іштей қайталап тұрады. Осылайша баланы бос отырғызбай, дамылсыз дайындық жүргізуді де Ақмарал апайдан үйрендім. "Кім алда тұру керек, кім сахнаның қай бағытынан шығады, кім биді тез жаттайды?" Осының бәрін ескеріп, бишілердің бірдей билеуін ұйымдастырудың өзі оңай дүние емес. Осындай үздіксіз еңбектің арқасында ғана біз биіктерден көрінеміз деп ойлаймын.

– Қойылымнан бұрын бидің алдын ала сызбасы жасала ма?

– Жоқ, барлық қимылды ойда сақтауға тырысамыз. Кейін қойылым толық дайын болған соң ғана бейнежазбаға түсіреміз. Соны қайталап көрген бала қателігін түсініп, би ырғағымен қайта жұмыс істейді.

– Аймағымызда бишілер үшін барлық жағдай қарастырылған ба? Жалпы ансамбльдер арасындағы би

бәсекесі жайында не айтар едіңіз?

– Өнер мектебіндегі би бөлімінің қазіргі жағдайы жақсы, себебі дайындыққа қажетті құрылғылар толығымен қамтылған. Ал аудандардағы би мектептері жайлы ешнәрсе айта алмаймын. Би бәсекесіне келсек, қазір бізбен бірге Арал аудандық «Ақтолқын» би ансамблі бір деңгейде келе жатыр. Оларға әкімдік тарапынан көрсетілетін қолдау көп. Ансамбль жетекшісі Жансаяның тиянақты әрі жан-жақты жұмысына сүйсінуге болады.

Бір назар аударатын жайт, біздің бишілер үшін қаржылай қолдау жоқтың қасы. Біз қандай конкурсқа қатыссақ та, шығынның бәрін ата-ана көтереді. Себебі олар үнемі баланың жетістігін бірінші орынға қояды. Бір республикалық жарысқа қатысып, бақ сынау үшін қаншама баланы алып жүруге тура келеді. Өйткені топ болып жұмыс істемейінше, үздік нәтиже көрсету мүмкін емес. Мысалы, 2018 жылы «Бозторғай» халықаралық байқауына жолдама алып тұрған сәтте бес бала отбасында қаржылық жағдайы болмаған соң конкурсқа бара алмай қалды. Балалардың еңбегі зая кетпесін деп, қаладағы барлық мекемеге қаржылық көмек сұрап хат жаздық. Бірақ бірде-бірі жауап берген жоқ.

– Ал осы уақытқа дейін халықаралық жарыстарға шығып көрдіңіздер ме?

– Ақмарал Мұсағалиқызы жетекшілік еткен тұста «Балабұлақтың» бишілері басқа елдерге бірнеше рет барып қайтты. 2013 жылы Ново-Сібірде өткен Дельфий ойындарына, оған дейін Түркия елінде ұйымдастырылған фольклорлық фестивальге қатысты. Ал бізге осы жылы республикалық байқаудан Өзбекстанда өтетін халықаралық конкурсқа жолдама берілген еді. Алайда көктем айларында карантиндік талаптар күшейтілген соң, ол жаққа жолымыз түспеді. Халықаралық жарыстарға менің де, балалардың да барғысы келеді, бірақ қаржылық қолдау болмаған соң көп жағдайда онлайн жарыстарға қатысудамыз.

Жақында Білім және ғылым министрі Асқар Аймағамбетов ақылы конкурстардың дипломдары біліктілік үшін дайындалатын мұғалім портфолиосында есептелмейтінін айтты. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлықтың алдын алады десек те, қазір тегін би конкурстарының жоқ екенін де ескерген дұрыс. Өйткені байқауды ұйымдастырушы үшін де қаржылай қолдау қажет. Мейлі біз ақылы конурстарға қатыспаймыз дегеннің өзінде, бала сахнаға шығып үйрену керек. Байқауда бәсекеге түсіп, тәжірибе алмасқан кезде ғана биші кәсіби өседі. Сондықтан біз әзірге онлайн конкурстарға ақылы түрде қатысуға мәжбүрміз.

– Эпидемиологиялық ахуал күрделенген сәтте ансамбль жұмысын қалай жалғастырды?

– Короновирустың алғашқы толқынында бізде үлкен қорқыныш болды. «Хореографиялық сабақты қалай онлайн ұйымдастыруға болады?» деп ұзақ ойландық. Оның үстіне оқушылардың мектептегі сабағы да бар, ата-аналары түскі 17.00-ге дейін балалардың "Балапан" арнасындағы сабақты қарайтынын айтты. Уақыт өте келе осы жағдайдың бәрін ескеріп, Do бағдарламасымен жұмыс істедік. Бұл платформаға 8-11 қатысушыдан қосылып отырды. Біз оқушылардың әрбір қимылын осы жерден қадағалап, тапсырма бердік. Оған қоса карантин кезінде онлайн концертттер мен конкурстарға, шеберлік сағаттары мен семинарларға да қатыстық. Тіпті ансамбльдің би қойылымдарын да онлайн өткіздік. Нәтижесінде карантин талаптары жеңілдеп, бишілер қайта бас қосқанда бәрі өз қалпында болды. Тіпті олардың билерін бейнежазбаға түсіріп, Украинада, Болгарияда, Израильда, Қырымда өткен онлайн конкурстарға да жібердік. Израиль мен Қырымда ұйымдастырылған онлайн байқауда ансамбль гран-приді жеңіп алды, ал Украина мен Болгариядағы жарыста I орынды иемденді. Алматыда өткен «Жеті өнер» халықаралық онлайн конкурсында да екі гран-приді қанжығамызға байладық. Одан кейін Нұр-сұлтан қаласында өткен «Жұлдызды би» халықаралық конкурсында «Ұлы дала рухы» биі бойынша I орын, «Қуат ырғағы» биімен II орынды жеңіп алдық.

«Ұлы дала рухы» биі сондай бір жақсы қойылым болып шықты. Оған дейін де, кейін де менің репертуарымда мұндай сәтті қойылым болмаған. Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына орай шығарылған бұл қойылымға елу биші қатысып, аймақтың тарихы мен жетістіктерін көрсетеді.

Әзірге біз карантин салдарынан ерекше туынды жасай алмай жатырмыз. Қазіргі таңда оқушыларға тек жартылай онлайн, оффлайн форматта білім берудеміз.

– Университет қабырғасындағы студенттердің биге қызығушылығы қандай?

– Қорқыт ата атындағы университетте биылдан бастап сабақ берудемін. Әзірге білім алушылардың бұл салаға қызығушылығы жоғары деп айта алмаймын. Мүмкін бұл жағдайға аймақтағы қазақы менталитет әсер ететін болар. Мысалға алып қарасақ, солтүстік, батыс аймақтарда биге ешқандай шектеу жоқ. Ал бізде «биші болып секіріп, қалай жұмыс істейсің?» деп үлкендер бұл мамандықты жаратпай жатады. Ұлдардың билегенін тіпті қаламайды. Ел арасында бидің, өнердің деңгейі енді ғана көтеріліп келе жатыр ғой, сондықтан бүгінгі буын болашақта жақсы нәтиже көрсетеді деп ойлаймын.

– Қазір би ансамблінің репертуарында қанша қойылым бар?

– Бізде әртүрлі тақырыпта қойылған би түрлері өте көп. Әзірге ансамбль қорында халықтық-сахналық би болмай тұр. Бірақ ол да жуық арада жарыққа шығуы мүмкін.

Мұғалім болған соң балаға педагогикалық, психологиялық тәрбие беру негізгі парызым деп есептеймін. Орта мектеп мұғалімдерімен бірге балаға сапалы тәрбие берсек, жақсы тұлға болып қалыптасары анық. Кейде оқушылардың «Әсел Бекзатханқызы, менің сіз сияқты ұстаз болғым келеді» деген жылы сөзін естігенде еңбектің нәтижесіз болмайтынын түсінемін .

Бүгінде хореографиялық бөлімнен басқа Alem Dance атты жеке студиямда сабақ беремін. Өнер мектебінде бес жылдық бағдарламаны бітірген оқушылар биді әрі қарай осында жалғастыра алады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Біз кімбіз?

Ананы сыйламау, анаға дөрекі сөйлеу біздің қанымызға жат тірлік емес пе еді? Олай болса неге ананы қорлауға, қол көтеруге құмарттық. Сәби үшін түн ұйқысын төрт бөлген ананың қадірі неге қашты? Әлде бала үшін әкенің тәрбиесі жетпегеннің себебі ме? Барлығы да "әке орнын басамын" деген жаңсақ пікірдің құрбаны шығар... Себебі әке тәрбиесінің жөні бөлек қой. Әкенің қас-қабағына қарап өскен ұрпақ анаға қол көтермек түгілі дауыс көтеруге қысылар еді. Шаңырағын бұзып, айырылысып, ақырында баланың психологиясына кері әсерін тигізу басты себеп пе? Әйтпесе 15 жастағы баланың тапа-тал түсте анасын пышақтап өлтіруі ақылға қонбайды...

Әлеуметтік желідегі анасының бетіне торт жаққан жігіттің тірлігі үлкен талқыға түсуде. Бетіне жағылған торттан анасының түрі көрінбей қалды. Туған күнімен құттықтап, жылы лебізін білдіре келе, қорлауын қалай түсінеріміздің білмей дал болдық. Ал ұлы не себепті мұндай әрекетке барды? Бұл ананы қорлау екенін білді ме? Жақында тағы да анаға қол көтерген жігіттің видеосы жарияланған еді. Бұл сонда не? Ананы ұруға, мәжбүрлеуге, қинауға болады деген сөз бе? Батылы қалай жеткен... Ананың қадір-қасиеті айтпаса да түсінікті. Оның бала үшін жанын беруге дайын екені белгілі. Бала неге сондай тәуекелге бармайды? Әке-шешені сыйламау бұл бүгін не кеше болған жайт емес. Бұған дейін де қол көтеріп, зейнетақысын алып қойып, ұрсып-ұрған қыздарды да естіп жүрміз. Бәріміз безбүйрек болып кеткенбіз бе, қалай өзі деген ойға келетініміз жасырын емес. Өз анасына қол көтерген айуанның жер басып жүргенін білген соң, бәрі де мүмкін бе деп қаласың...

10 қаңтар – Қазақстан үшін маңызды күн. Бұл күні бүкіл қазақстандық азаматтар сайлаудың жұмысымен әлек. Бірі дауыс беремін десе, енді бірі жауапкершілігіне жүктелген қызметті атқарып әлек. Дәл осы күні бүкіл қазақстандықтарды селк еттіретін оқиға орын алды. Иә, Алматының қақ ортасында 15 жастағы бала анасын пышақтады. Өзі кінәсін мойындады. Бұл қалай? Кәмелет жасқа толмаған баланың анасын пышақтауына не себеп?

Жасөспірім жанжал кезінде анасын пышақтап, көшеге жалаңаяқ шығып кеткен. Жантүршігерлік қылмыс болған үйдің тұрғындары қатты шошып қалған. Олардың айтуынша, ауруханаға жетпей жан тапсырған жалғызбасты әйел заңбұзушылыққа қарсы шығып, белсенділігімен жиі көзге түскен. Ал анасына бірнеше жерден пышақ сұққан соң кәмелетке толмаған бала далада жалаңаяқ арлы-берлі жүріпті. Қыстың көзі қырауда қар үстімен аяқ киімсіз жүрген жасөспірімнің оғаш қылығын көрген тұрғындар бірден тәртіп сақшыларын шақыртқан. Полиция оқиға орнына жетіп, бозбаланың қылмыс жасағаны белгілі болған. Күдікті бірден құрықталып, қайғылы оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалды. "Қазір ҚК-тің 99-бабы, 1-тармағымен қылмыстық іс қозғалып, тиісті тергеу жүргізілуде. Бұл тергеу әрекеттеріне міндетті түрде психолог мамандар қатысуда. Алдын ала болжам бойынша, бұл балада жүйке ауытқуы болуы мүмкін. Бірақ оны нақты сот-психиатриялық сараптама анықтайды", – дейді Алматы қалалық ПД ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

Жігітті 13-те отау иесі дейтінбіз, қазір шыны керек, 15 жастағы бозбаланы әлі де кішкентай көретініміз жасырын емес. Сосын да шығар, оның не істеп жүргенін назарға алмаймыз. "Әлі бала ғой" деген түсінікпен ағат қылыққа бармайтынына кәміл сенімдіміз. Ал баланың сұмдық бөлеге баратынын бағамдамадық. Енді баланың психологиясына кері әсер етпейтіндей әрекет неге жасамасқа?

– Қылмыс көп қабатты үйде орын алды, тіпті, көршілері еш нәрсе естімеген, білмейді. Әйтеуір, бұл пәтерде жалғызбасты әйел мен баласы тұратынын ғана айтқан. Анасын үздіксіз пышақтаған жасөспірім далаға өзі қашып шыққан. Сырт киімсіз, ерсілі-қарсылы аулада суыт жүрген баланы байқағандар полиция шақырыпты. Оларды көрген бойда "Мен анамды бауыздап өлтірдім" деп бірден мойындап, пәтеріне ертіп барған. Қансыраған әйел ауруханаға жетпей, жолда қайтыс болды. Алматы полициясы ҚР ҚК 99/1 баппен қылмыстық іс қозғады. Өз анасын өлтірген жасөспірімді кемінде 15 жыл темір тор күтіп тұр, – деді полиция. Меніңше, бұл тек полиция анықтайтын емес психолог, ұстаз, психиатр, т. б. мамандар бірігіп зерттейтін өзекті мәселе. Салдарынан бұрын мұндай қылмыстың себебін білу қажет. Полиция мәліметінде "алдын-ала болжам бойынша жүйке ауытқуы болуы мүмкін" деп жазыпты. Сонда 15 жасқа дейін қоғамда ойнап-күліп, жалпы мектепте оқып жүрген баланың психикасын тексермесе, емханасы мен мектеп психологы не үшін? Хош, баланың жүйкесі бұзылған делік, ол неден бұзылды? Не әсер етті? Ортасы? Достары? Анасы? Қашықтан оқу? Виртуалды ойындар? Нашақорлық? Алкоголь? Былтырда Талдықорғанда – дәл осы жастағы бала да жалғыз шешесін пышақтап өлтірген еді. Меніңше, бұл жастағы ұлдар компьютерлік зомбиға айналады. Виртуалды босстың тапсырмасын орындайды... Қорқынышты..., – дейді журналист Гүлмира Әбіқай өзінің инстаграм әлеуметтік парақшасында.

Кеше «Астарлы ақиқат» бағдарламасынан төрт бірдей баланың анасы бір, әкелері бөлек екені айтылған еді. Оның үстіне анасы ішімдікке салынған. Төрт бірдей баланың бірде бірі анасында емес, балалары тіпті анасын көргісі келмейтінін айтты. Мұндай жағдайда кімді кінәлаймыз? Ішімдікке салынған ана, анасына қол көтерген бала, анасын көшеге қуған бойжеткен, т.б. Сонда біз кімбіз?

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

ҚОЛҒА СУ ҚҰЮ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН?

Қазақ халқында үйге қонақ келгенде жас баланың қолына құман беріп, ас ішердің алдын қонақтың қолына су құйғызатын дәстүр бар. Аңыздарда бұл дәстүр Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі. Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айрылғанда қайғыдан қан жұтады. Құдай оны жұбату үшін оған тағы бір ұл сыйлайды. Дәуіт ұлды болардың қарсаңында Жебірейіл періште уахи әкеледі.

– Әй, Дәуіт! Тәңірі саған бір ұл нәсіп етеді. Бірақ ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Осыған ризасың ба? – дейді. Дәуіт іштей қынжылса да: «Жаппар иемнің әміріне не қылса да ризамын», – деп келіседі. Көп ұзамай Дәуіт ұлды болып, есімін Сүлеймен қояды. Дәуіт патша болғандықтан, оның сарайына күн сайын жүздеген адам қонаққа келеді екен. Сол кезде жеті жасар Сүлейменді бір қолына құман, бір қолына сүлгі ұстатып, сарайдың алдында қызметке қояды. Бала күні бойы кірген-шыққан қонақтардың қолына су құйып, алғысын алады. Оның адал қызметіне риза болған қонақтар:

– Ғұмыр жасың ұзақ болсын!

– Құдайдың сүйікті құлы бол!

– Әділ патша бол!

– Екі дүниенің сырын біл!

– Дұшпаныңа қатал, досыңа адал бол!

– Ғалым бол! – деп, тоқсан тоғыз түрлі тілек айтып, бата береді екен.

Арада он бес жыл өтеді. Сүлейменнің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып азамат болып ер жетеді. Бір күні Дәуіт Тәңірісіне:

– Уа, Жаббар Ием, маған ұлыңның қызығын тоғыз жыл ғана көресің деп едің. Бұл не хикмет? – деп сұрайды. Ұлық Алла:

– Рас айтасың. Сүлейменнің пешенесіне тоғыз жылдық ғұмыр жаздым. Бірақ зерек ұлың қонаққа қызмет етуден шаршамады. Ақсақалдардың батасын алуға құмар болды. Күн сайын адамдар оған менің 99 есімімді айтып, шын жүректен алғыс жаудырып, батасын береді. Көптің алғысымен оның ғұмыр жасы ұзарды. Менің бір есімім – Халық. Халықтың тілегін қабыл етпеу ұлықтығыма сын болар. Бүгіннен бастап Сүлейменге 99 түрлі мұғжиза берем. Бүкіл он сегіз мың ғаламға патша қыламын, – деді. Осыған орай «Сүлеймен де су құйған», «Су иесі Сүлеймен» деген сөздер ел арасына таралыпты. Қазір де қазақ халқы үйге қонақ келгенде жас баласының қолына құман мен сүлгі беріп: «Үлкен кісілердің батасын ал», – деп су құйғызады. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген тәмсіл сөз Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Балаларға арналған "Әлем әдебиеті" сериясының өнімдері тағы үш кітаппен толықты. Атап айтар болсақ, Д.Мукержидің «Хари мен Кари», И.Тургеневтің «Бөдене», Д.Мамин-Сибиряктің «Асыранды аққу» атты шоқтығы биік шығармалары қазақ тіліне аударылды. Бұл кітаптар баланың таным көкжиегін кеңейтуге, табиғатқа деген махаббатын ашуға, кітапқа деген құмарлығын күшейтуге бағытталған. Бұл жобада балаларға ерекше қызық болатын шығармалар таңдап алынған. Аударма сапасы жақсы әрі тілі жеңіл. Бұған дейін дәл осы шетел әдебиеті айдарымен "Жан Кристоф", "Нелло мен Патраш", "Мүнхаузеннің басынан кешкен хикаялары", "Гулливер лилипуттар еліне саяхат", "Қасқыр" сынды бес кітап жарық көрген болатын. Балаларыңызға қуаныш сыйлап, жаңа әдебиеттермен таныстыруға асығыңыз.

ҚОСЫМША ОҚЫТУ
БІЛІМДІ ҰРПАҚ КЕПІЛІ МЕ?

Бүгінде балаларды жеке мектепте оқыту трендке айналды. Бұл үрдіс бізге дамыған мемлекеттен келді. Мысалы, Ұлыбританияда жекеменшік мектептердің ерекше мәртебесі бар әрі оқу ақысы өте қымбат, мемлекеттік мекемелер оларды тексермейді, академиялық еркіндік берілген. Ал Финляндияда жекеменшік мектеп тіпті аз. Бұл елде жекеменшік мектептерде мемлекеттік мектепте оқытпайтын сирек пәндерді оқытады. Германияда жекеменшік мектеп жоқтың қасы. Елдің кейбір аймағында халық саны өсуіне байланысты мектептерде орын тапшылығы туындағаннан кейін жеке мектеп пайда болған. Соның өзінде де мемлекет есебінен қаржыландырылатындықтан, жекеменшік мектептердің көбі әр отбасы үшін қол жетімді, яғни оқу ақысы арзан. Байқағаныңыздай, шетелде мемлекет пен жекеменшік әріптестік аясында ашылған мектептердің барлығы ата-анасының қалтасы көтеретіндей қолжетімді. Ал біздің елде қалай?

Рас, біздің елде де халық санының өсуіне байланысты кейбір елдімекенде мектеп тапшылығы сезіледі. Бұл мәселені оңтайлы шешуде мемлекет шетел тәжірибесіне сүйеніп, жеке мектеп ашуды жолға қойды. Қанша жерден тәжірибесі мол, білікті ұстаздың жеке мектеп ашуға ықыласы болса да, қалтасы көтермейтіні белгілі. Сол себепті бұл салаға қалталы кәсіпкерлердің ықыласы ауды. Біздің өңірден де соңғы үш жылда 7 жеке мектеп пайдалануға берілді. Аты жер жаратын жеке мектептердің білім деңгейінің қаншалықты екенін уақыт көрсетеді. Бір анығы, оқу ақысын төлеуге әр ата-ананың мүмкіндігі жетпейтіні белгілі. Қазірдің өзінде ақылы мектептердегі орташа ай сайынғы төлем 40-50 мың теңге аралығында.

– Ішкі істер саласында қызмет атқарған соң, баланың сабағына көп көңіл бөле алмаймын. Баламның спорттық үйірмеге, қосымша жарыстарға қатысқанын қалаймын. Сондықтан жеке мектептің қызметіне жүгінемін. Мектепте бала үш мезгіл ыстық тамақпен, арнайы спорт секциясымен қатар тереңдетілген білім беруімен ерекшеленеді. Ағылшын тілін білуге де басымдық береді. Баланың қарым-қабілетіне қарай үйірмені ұстаздар бекітеді. Жеке мектепте ақшамның көптігінен емес, жан-жақты білімді, заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу мақсатында оқытамын, – дейді ата-ана Арай Дүйсенаева.

– Жаңадан бой көтерген сол жағалау мөлтек ауданында тұрамын. 2018 жылы мемлекеттік бағдарлама арқылы тұрғын үйге қол жеткіздік. Кілтті алғанымызға мәз болғанымыз соншалық, жаңа ауданда мектептің жоғын аңғармаппыз. Ауданда орналасқан «Orda school» мектебі ақылы. Төрт баланы оқытпақ түгіл бір баланы ақылы оқытуға мүмкіндігім жоқ. Осы уақытқа дейін бұл мәселені қаншалықты көтергенімізбен, естір құлақ болмай тұр. Пандемияның кезінде балалар үйде білім алған соң сабыр сақтап күттік. Ал қазір III тоқсанда балалар мектепке қатынауға мәжбүр. Сондықтан екі мыңнан астам тұрғыны бар ауданға жаңа мектеп пен қосымша білім беретін ұйым ауадай қажет, – дейді Гүлзат Жапалақова.

Рас, көпбалалы отбасы үшін жеке мектепте бала оқыту оңайға соқпайды. Бұрынғыдай емес, қазір балам білімді болсын деген ата-ана еш қаражат аямайды. Қай оқушыны алып қарасақ та, қосымша сабағымен қатар спорттық үйірмеге қатысады. Бұрынғыдай азаннан кешке шейін бірін-бірі қуалап ойнайтын баланы кезіктіре бермейміз. Ал ата-аналардың басым көпшілігі баланы ақылы мектепке қосымша білім үшін береді. Осы мәселені оңтайлы шешуде жуырда Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов әлеуметтік парақшасында ата-аналар үшін жағымды жаңалықпен бөліскен еді.

– Мемлекет басшысы Жолдауында қолөнер мен шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысу үшін «Балалар үйірмесі» қызметін қайта жандандыру туралы тапсырма берді. Қосымша білімсіз балалардың әлеуетін толық ашу мүмкін емес.

Сондықтан әр баланың сабақтан тыс үйірмелер мен секцияларға қатысу мүмкіндігі болу керек. Елімізде мемлекеттік қосымша білім беру мекемелері біз қалағандай көп емес. Сондықтан балаларды қосымша біліммен қамту үшін тиісті жұмысты атқарудамыз. Жақын арада балалардың мемлекеттік тапсырыс арқылы жекеменшік ұйымдарда да қосымша білім алуына жағдай жасалады. Қосымша білім беру жүйесіне оқушылар сарайлары, түрлі үйірмелер, секциялар, көркемөнер және музыка мектептері, жас техник станциялары енеді. Бұл бағыт арқылы бала қосымша білім алып, түрлі дағдысын дамытады. Дегенмен мемлекеттік тапсырыс арқылы жекеменшік орталықтарда баланың қосымша білім алуына жағдай жасау маңызды, – дейді.

Мұндай қосымша білім беретін ұйымдар мен үйірмелер жеке мектеп, жеке балабақша сияқты мемлекеттік және жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асырылады. Яғни кәсіпкерлер өз қаражатына мектепке дейінгі білім беру мекемесін салады немесе ғимаратты жабдықтайды, ал мемлекет әрбір балаға мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы ақша төлейді. Нәтижесінде мемлекет құрылысқа және материалдық-техникалық базаға жұмсалатын ақшаны үнемдейді. Бірақ осы тұста қосымша білім беретін ұйымдардың қызметі әр балаға қолжетімді болса, игі бастама болары сөзсіз.

P.S. *Осыдан он жыл бұрын жеке мектеп ашпақ түгіл балаларды балабақшамен қамту мұң болатын. Бірақ мемлекет «Балапан» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерді жеке балабақша ашуға ынталандырып, бұл мәселе түбегейлі шешімін тапты. Бастапқыда балабақшаға ата-аналар айына 20 мың теңгеден жоғары ақы төлейтін. Балабақша санының артуымен бәсекелестік орта қалыптасып, ай сайынғы төлем де 20 мыңнан 7-10 мыңға дейін төмендеді. Бірақ саны бар, сапасы жоқ балабақша саны артқаны да жасырын емес. Осы тұста жеке мектептердің, қосымша білім беретін ұйымдардың мемлекеттің қолдауымен ашылғанын құптаймыз. Бірақ саннан сапаға мән беріп, білім саласындағы олқылықтың жойылуына септігін тигізсе деген ниеттеміз.*

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Талғат БАЙСУФИНОВ,
Қазақстан құрамасының бас бапкері:

ИСЛАМХАННЫҢ ОРНЫН ЖОҚТАТПАЙТЫН ФУТБОЛШЫЛАР БАР

Қазақстан ұлттық құрамасына қайта келген Талғат Байсуфинов қызметіне кіріспес бұрын алдағы жоспарымен бөлісті. Сонымен қатар 2022 жылғы әлем чемпионатына іріктеу кезеңінің алдындағы жолдастық кездесулер мен құрамаға қосылатын футболшыларға тоқталды.

– Талғат Маруанұлы, 2021 жылға 8 ресми матч жоспарланған, мүмкін, бір-екі жолдастық кездесу болатын шығар?

– Жолдастық кездесулер бізді де алаңдатып отыр. Қиын шаруа деп қарастыруға болатын шығар. Әсіресе наурыз айында барлық командалар іріктеу кезеңіне қатысады. Біз қарсыластарды іздеп көрдік, Литва мен Косово 24 және 25-ші наурыз күндері бос екен. Ал келесі күні Косово біз сияқты өз алаңында матч өткізеді, Литва Швейцарияға аттанады. Біз үшін жағдай, әрине, қиын болып тұр. Біз мұны ұлттық құрамалар департаментінің директорымен, федерациямен бірге талқылап жатырмыз. Қаңтардың ортасына таман нақты ақпараттар пайда болуы мүмкін.

– Федерация басшылығы биыл ұлттық құрамадан не күтеді?

– Әлем біріншілгінің іріктеу кезеңінде қызықты топқа тап болдық. Белгілі бір ұпай туралы айтудың қажеті жоқ. Басты мақсатымыз – болашаққа команда құру, жаңа дарынды футболшыларды іздеу, осындай мықты командалармен ойнау және халықаралық тәжірибе жинақтау. Іріктеу кезеңіндегі мақсатымыз туралы айтатын болсақ – мүмкіндігінше көп ұпай жинап, жақсы футбол көрсету.

– Топтағы көшбасшыларға қарсы матчтарда Қазақстан құрамасынан шабуылға лап қоятын, агрессивті футболды көре аламыз ба?

– Менің ойымша, бұл тек Франция мен Украинаға қарсы матчтарда ғана болмайды. Біз әр ойынға тыңғылықты дайындаламыз және өз схемамыз болады. Мүмкіндігінше жоғары көтерілуге тырысамыз деп айтқым келеді.

– Стандарттармен жұмыс істеуге ерекше назар аударғыңыз келе ме?

– Біз барлық мүмкіндікті пайдалануға тырысамыз. Не болатынын кейінірек көреміз. Бастысы, қарсыластарымыздың ойынын жақсылап талдауымыз керек. Шын мәнінде, олар үшін осал команда болып табыламыз. Олар бізді елемеуі мүмкін, ал біз осы мүмкіндікті пайдалануымыз керек.

– Ұлттық құраманың оңтайлы ойын моделі қандай?

- «А», «В» және «С» нұсқасы бар. Әрбір қарсылас үшін тосынсыйлар болады. Бұл нені білдіреді – құпия болып қалсын.

– Меркель мен Жуковты ұлттық құрамада қайта көре аламыз ба?

– Жағдай қазір шиеленісіп тұр. Бар мәселе құжаттарда. Бұл олардың шешімі. Заңға сәйкес, біздің елде қос азаматтық алу мүмкін емес, сондықтан олар шешім қабылдауы керек. Меркель мен Жуковтан басқа, Қазақстан құрамасында ойнай алатын ойыншылар бар. Бірақ олар жергілікті футболшыларға қарағанда әлдеқайда мықты болуы керек деп ойлаймын. Бұл мәселе де талқылануда, бірақ біз оған көп тоқталмадық.

– 32 жастағы бразилиялық Жоао Пауло дәл осы іріктеу кезеңінде Қазақстан құрамасына пайдалы ойыншы болар еді...

– Егер біз жаңа дарынды жергілікті футболшыларды іздесек, онда бізде бәсекеге түсе алатын және ұлттық құраманың есігін қағып жатқан жас ойыншылар бар. Мысалы, Жақсылықов. Оларға кем дегенде оқу-жаттығу жиынына қатысуға, кеңейтілген тізімге енуге, ұлттық құраманың аурасын сезінуге мүмкіндік беруіміз керек. Жоао Пауло – өте сапалы, техникасы мығым шабуылшы. Иә, мұндай ойыншылар ұлттық құрамаға қажет. Бізде жергілікті, дарынды ойыншылар бар, оларға сену керек. Әрі қарай өздеріне байланысты болады. Өз басым қазақстандық футболшыларға басымдық беремін.

– Исламхансыз ойнау қаншалықты қиын болмақ?

– Бұл ұлттық құрама үшін үлкен шығын. Бірақ оның позициясында ойнай алатын жігіттер бар. Мен бұл позицияда ойнайтын кез-келген футболшыға: «Ал, енді сен өзің үшін де, сол жігіт үшін де ойнауың керек» деп айта аламын. Біздің чемпионатта оның орнын баса алатын жігіттер бар.

ТРАНСФЕРДЕГІ ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚ

Кәрі құрлықта футбол қызып тұр. Командалар құрамын күшейту мақстаныда қысқы трансферде жаңа ойыншыларды қатарға қосуға талпынып жатыр. Бүгінде әлемде трансфер терезесі ашылды. Сондықтан көптеген ойыншылар өз командасынан кетіп, басқа клубты толықтыра алады. Қысқы маусымда командасын өзгертуі мүмкін ойыншыларды қарастырып көрдік.

Деле Алли

Деле Аллидің "Тоттенхэмдегі" жағдайы көптен бері жанкүйерлердің көкейінде үлкен сұрақ тудырып келеді, бірақ жақында "Стокпен" болған кездесуден кейін бәрі шешілген сияқты. Футболшы Жозе Моуриньоның көңілінен шыға алмады, ол оны 66-минутта жасаған қателігінен кейін ауыстырды. Португалиялық маман мен Алли арасында кезекті бір жанжал туындады. Сондықтан Аллидің клубтан кетуі екеуі үшін де жақсы жаңалық болайын деп тұр. Ойыншыға ПСЖ қызығушылық танытуда.



Кристиан Эриксен

Эриксеннің "Тоттенхэмнен" кеткеніне бір жыл болмай жатып, жартылай қорғаушы қайтадан клубын ауыстыруды ойластырады. Барлығы оның "Интерде" орын таппағанын байқады. "Бұл жаза емес - тек ол ешқашан клубтағы өмірге бейімделе алмады", – деді жағдайды түсіндіруге тырысқан бас директор Джузеппе Маротта.

"Тоттенхэмде" өткізген сегіз жыл ішінде даниялық футболшы 69 гол соғып, 89 нәтижелі пас берген, бірақ Италияда ол 373 минут қана алаңға шығып, тиісінше гол соға алмады. Ол өзінің талантын дәлелдеген Премьер-лигаға қайта оралуы мүмкін. Үлкен мәселе - жалақы. Ол бір маусымда шамамен 9 миллион фунт стерлинг алады. Эриксенді жақын арада ПСЖ-ның тізгінін ұстаған Маурисио Почеттино өз командасында көргісі келеді.

Диего Коста

"Мен жоқ кезде Суарес гол соқпады. Мен алаңға шыға салысымен ол бірден дубль жасады!" – деді "Челсидің" бұрынғы шабуылшысы "Элчемен" болған матчтан кейін. Бірақ ол ұзақ уақыт бойы ойнай алмады, қазірдің өзінде біз оның "жеке себептермен" "Ванда Метрополитонодан" кеткенін білеміз.

Ұсыныстар бар, негізінен Қытай мен Бразилиядан. Бірақ ол асықпайды: ол еркін агент болғанымен, өзінің қадірін білетін клубқа ауысқысы келеді. Соңғы ақпараттарға сенсек, шабуылшыға "Вулверхэмптон" клубы көз тікті.

Ренату Саншеш

Саншештің "Суонсидегі" сәтсіз ойыны әлі де жанкүйерлердің есінде, бірақ ол 2016 жылы "Golden Boy" сыйлығын жеңіп алды. Ренату Саншеш соңғы екі маусымда "Лилльде" өте жақсы өнер көрсетті және футболшыға қазір Жоржиньо Вийналдуммен келіссөз жүргізуден шаршаған "Ливерпуль" қызығушылық танытып отыр. Сонымен қатар, Юрген Клопп "Брайтонның" жартылай қорғаушысы Ив Биссуманы да өз командасында көргісі келеді.

Джош Дасилва

"Арсеналдың" бұрынғы ойыншысы клубтағы алғашқы ойынын 2017 жылы өткізді, бірақ келісімшартты ұзартудан бас тартты. "Брентфордта" ол клубты Лига кубогының жартылай финалына шығарған жеңісті голды соғып, өзінің жақсы жақтарын көрсетті. Қазір "Вест Хэм" оған қатты қызығушылық танытып отыр.

Педру Гонсалвеш

Португалиялық жартылай қорғаушы "Вулверхэмптон" сапында екі жыл доп тепті, бірақ алаңға ешқашан шықпады. Алайда, ол "Фамаликанға" барған бойда, бірден өзін көрсетті. Педру қазір "Спортинг" ойыншысы. Сондай-ақ, ол Примейраның тоғыз ойынында 10 гол соғып, турнирдің үздік бомбардирі болып тұр. Жаман емес! Оны қазірдің өзінде "Манчестер Юнайтедтегі" Бруно Фернандешпен салыстырғаны таңқаларлық жағдай емес. Бұл жаңа клубқа шамамен 53 миллион фунт стерлингке түседі. Бұл – Гонсалвештің келісімшартында көрсетілген өтемақының мөлшері.

Давид Алаба

Қарашада "Бавария" мен Алаба ақыры араздасып, клуб өз қорғаушысына жаңа келісімшарт ұсыну туралы шешімін өзгертті. Жақын арада австриялық басқа командамен келісімшартқа отырады. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Алаба жақын арада "Реал Мадридпен" келісімге келіп, жазда клубқа еркін агент ретінде ауысатын болады.

Патсон Дака

Замбиялық шабуылшы Патсон Дакка мүмкін емес нәрсені жасады - ол "Зальцбургтен" кеткен Эрлинг Холландтың орнын басты. Және осы маусымда 15 гол соғып, команданың чемпион атануына көмектесті. Енді оны бірінші кезекте "Арсенал", "Тоттенхэм" және "Сити" сатып алғысы келеді. Дака Эммануэль Маюкиден кейін Премьер-лигадағы алғашқы Замбия азаматы болатынына күмәніміз жоқ.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

БАСТЫ ДОДАҒА БОЛЖАМ

Биылғы басты аламан – Токио Олимпиадасы. Жапониядағы жарысқа жаһан спортшылары қызу дайындық үстінде. Айтулы аламанға іріктеу кезеңдері әлі де жүріп жатқан соң, дәл қазір алдын ала болжам жасау өте қиын. Десе де жолдама алып қойған спортшылар арасында әлбетте, ең бірінші боксшыларымызға сенім артамыз. Арыға бармай-ақ тәуелсіздік алған жылдан бері қатысқан жазғы Олимпия ойындарын алар болсақ, былғары қолғап шеберлері бірде-бір рет елге жүлдесіз қайтпағанын жақсы білеміз. Мәселен 1996 жылғы Атлантада – 1 алтын, 1 күміс, 2 қола, 2000 жылы Сиднейде – 2 алтын, 2 күміс, 2004 жылы Афинада – 1 алтын, 1 күміс, 1 қола, 2008 жылы Бейжіңде – 1 алтын, 1 қола, 2012 жылы 1 алтын, 1 күміс, 2 қола және 2016 жылғы Рио Олимпиадасында – 1 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль еншілеген.

Жуырда Афина Олимпиадасының чемпионы Бақтияр Артаев Олимпия ойындарына болжам жасап, қазақстандық боксшылардың кемінде 2 алтын жүлде иеленуге әлеуеті жетеді дәп мәлімдеді. Сонымен қатар ол Токиода Сиднейдегі табысымызды қайталап қана қоймай, еселеуге де толық мүмкіндік бар екенін жеткізді. Сондай-ақ үш Олимпиадада олжа салған жеңілатлет Ольга Рыпакова мен Риода атой салған Дмитрий Баландиннен қазақ жұрты медаль күтеді. Сонымен қатар балуандар мен дзюдошылардың да ел қоржынына медаль саларлықтай толық мүмкіндігі бар.

Қазақстан құрамасы биылғы Олимпиадаға тәуелсіз ел ретінде жетінші рет қатысады. Жеті саны қазақ халқы үшін қасиетті сан болғандықтан спортшыларымыздан алдағы Олимпиададан айрықша үміт күтеміз.

СҰРАНЫСТАҒЫ МАМАНДЫҚТАР

Министрліктің мәліметінше, 2021 жылы Қазақстанда сұранысқа ие болуы мүмкін мамандықтар:

- шаштараз;
- күзетші, инкассаторлар және соған ұқсас мамандықтар;
- бухгалтер;
- мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі тәрбиешілер;
- орта мектеп мұғалімдері;
- науқастарды күтетін медицина мамандары;
- жылжымайтын мүлік және басқа меншік бойынша операциялар жөніндегі агенттер;
- дүкен сатушылары және олардың көмекшілері;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде біліктілігі жоқ жұмысшылар;
- бастауыш мектеп мұғалімдері;
- АБҚ қосалқы кәсіби персоналы;
- өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін фермерлер мен жұмысшылар;
- аспаз;
- тракторшылар;
- құжат айналымы және басқа да кеңсе жұмыстары бойынша супервайзерлер;
- арнайы мамандығы жоқ жұмысшылар;
- қарауыл мен күзетшілер;
- жүк көлігінің жүргізушілері;
- бағбан;
- саудагерлер;
- математика пәні бойынша орта мектеп мұғалімдері;
- сантехниктер;
- жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғайтын күзетшілер;
- есепшілер мен бухгалтерлердің көмекшілері;
- фермерлер мен мал өсіретін жұмысшылар;
- спорт жаттықтырушылары мен оқытушылар;
- фермерлер және егістік дақылдарын өсіру жөніндегі жұмысшылар;
- терапевт дәрігерлер.

Бұған дейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллекттің дамуына байланысты банкир, жеткізуші, жүргізушіге сұраныстың азайып бара жатқанын айтқан болатын.

БИЫЛҒЫ ҮЗДІК 5 ФИЛЬМ

Былтыр пандемияға байланысты әлемдегі кино өнері көрермендерге қызықты деген туындыларының премьерасын биылға ауыстырған болатын. Солардың ішінен үздік деген 5 фильмді ұсынамыз.

1. Ғажайып әйел: (Wonder Woman)
АҚШ, Оңтүстік Корея, Испания, 2020.
Жанры: боевик, фантастика
Премьера: 14 қаңтар.
Бас кейіпкер Диана Принс 1980 жылдардың ортасында ол жаңа қауіпке тап болады. Кәсіпкер Максвелл Лорд тілектер тасын иемденіп, шексіз күшке ие болады. Күтпеген жерден өмірге оралған Стив Тревор бас кейіпкерге көмектеседі.

2. "Жыртқыш аңшысы" (Monster Hunter)
АҚШ, Германия, Жапония, Қытай, 2020.
Жанры: Боевик, фантастика
Премьера: 14 қаңтар
Фильмдегі шытырман оқиғалар лейтенант Артемида бастаған БҰҰ әскери қызметкерлері тобының жыртқыштар мекендейтін параллель әлемге тап болуымен басталады. Жауынгерлер тек жұмбақ аңшының көмегіне сенуге мәжбүр болады. Аталмыш фильмде Милла Йовович басты рөлде ойнайды.

3. "King's man: Бастау" (The King's Man)
Ұлыбритания, АҚШ, 2021.
Жанры: Боевик, комедия, шытырман.
Премьерасы: 11 наурыз.
Оқиға бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде орын алады. Сюжет бойынша жас аристократ жасырын агенттің басшылығымен өз еліне көмектесуге тырысады.

4. "Морбиус" (Morbius)
АҚШ, 2021.
Жанры: Шытырман оқиға, фантастика
Премьерасы: 18 наурыз.
Venom кинематографиялық әлемі кеңейіп келеді. Жаңа фильмде сирек кездесетін қан ауруымен ауыратын доктор Майкл Морбиус тұтқыннан қашу

үшін қауіпті және тексерілмеген әдісті қолданып, вампирге айналып кетеді. "Морбиуста" басты рөлді әйгілі актер және музыкант Джаред Лето сомдайды.

5. "Өлетін уақыт емес" (No Time to Die)
Ұлыбритания, АҚШ, 2021.
Жанры: Боевик, шытырман,
Премьерасы: 11 сәуір.
Джеймс Бонд қызметтен кетуге шешім қабылдап, Ямайкадаға демалысқа кетеді. Бірақ оның ЦРУ-дегі ескі досы белгілі ғалымды террористің қолынан құтқаруға көмек сұрайды. Фильмдегі басты жағымсыз кейіпкерді "Богемия рапсодия" фильмі арқылы "Оскар" сыйлығын алған Рами Малек сомдайды. Ал Дэниел Крейг үшін бұл фильм Агент 007: Джеймс Бонд сериялы фильміндегі соңғы рөлі болады.

JULDYZ – JORAMAL

14-20 қаңтар

ТОҚТЫ
Мақсатты жоспарды іске асырған дұрыс. Бірақ жұлдыздар кейде бақылауды әлсіретіп, импровизацияға мүмкіндік беру керегін алға тартады. Сонымен қатар эмоционалды қуат көзінсіз сізге осы аптада жұмыс істеу қиын. Орын алған оқиғалар сізді терең ойға салады. Дәл осы кезде өзіңізді сыйақы немесе өткен айлардағы еңбегіңіздің жемісі күтіп тұр. Бұған дейін айналысып тастап кеткен іске қайта оралуыңыз мүмкін.

ТОРПАҚ
Қоршаған ортада үлкен өзгеріс болмақ. Егер демалыс туралы ойланып жүрсеңіз, онда уақыты келген сияқты. Олай болмаған жағдайды сізді үйді жөндеу жұмыстары немесе қоныс аудару күтіп тұр. Аптаның жартысында материалды сұрақтар сізді мазалауы мүмкін. Бірақ мәселе оңынан шешіліп, әріптестеріңіз немесе достарыңыз көмектеседі. Осы айда жұлдыздар сырт келбетімен айналысып, өздерін қалпына келтіруге кеңес береді.

ЕГІЗ
Аптада өзіңізді еркін сезінесіз. Жоспарыңыз бақылаудан шығып, орындалуы сәл кешеуілдеуі мүмкін. Бірақ уайымдамаңыз, барлығы орындалады, жағымды жаңалықтар, достарыңызбен, туыстарыңызбен кездесу күтіп тұр. Жұлдыздар тиімді сауда жасап, отбасыңызға көңіл бөлуді сұрайды.

ШАЯН
Талқылау деңгейінде қалған жоспарыңыз бен идеяңызды жүзеге асыратын уақыт келді. Шығармашылық және эмоционалдық шарықтау күтіп тұр. Бұл көңіл-күйіңіз қарқынды жұмыс істеп, ақша табуға көмектеседі, бірақ жақындармен кикілжің туындауы мүмкін, реніштеріңіз көпке созылмайды. Бұрыннан қордаланған мәселені талқылау қажет. Үйлену тойлары мен ірі сатып алуларды бұл апта жоспарламаған дұрыс.

АРЫСТАН
Аптаны үй мен тұрмысты жақсартуға арнайсыз. Бұрын қашып жүрген шаруаңыз оңай орындалып, тіпті сізге ләззат сыйлайды. Үй шаруасындағы белсенділік іскерлік белсенділікке ауысады: ұжымдағы дауларды шешіп, өзіңіздің жеке шаруаңызбен айналысуға тура келеді. Жеке өмір мен махаббат екінші жоспарда.

БИКЕШ
Кез келген істе ішкі түйсігіңіз бен сәттілікке үміт артасыз. Бірақ жұлдыздар материалдық мәселелерде қатаң есеп пен логикаға сенім артуға кеңес береді. Ал қаржы саласында жақыныңыз табыс көзінен айырылуы мүмкін, ал сіз керісінше мансап жолында жоғарылайсыз.

ТАРАЗЫ
Сіздің үнемі бәріне күмәнданатын әдетіңіз тіпті шегінен шықпақ. Орынсыз күмәнданып, жақсы мүмкіндіктерді жіберіп алуыңыз мүмкін. Жұлдыздар темірдей қатты болуға кеңес береді. Жағымды жаңалықтардан – сүйіктіңіздің туыстарымен қарым-қатынасыңыз жақсы арнаға бұрылып, қысқамерзімді сапарға шығуыңыз мүмкін. Сауда-саттықта жолыңыз болады.

САРЫШАЯН
Адамдармен оңай тіл табысып, оны өз кәдеңізге жарата аласыз. Соның нәтижесінде серіктестерден жақсы ұсыныс түседі. Басшылық қызмет бойынша жоғарылатуға қол жеткізуіңіз мүмкін. Аптада оқуға байланысты мәселе күтіп тұр. Ең сәтті күндер апта соңында орын алмақ. Сізге – демалыс, ал жақындарыңызға – назарыңыз бен көңіл бөлуіңіз қажет.

МЕРГЕН
Жұмысыңызды ауыстырудың немесе жаңа жобаны бастаудың қажеті жоқ. Оның орнына бірнеше күн саяжайда немесе жақындардың ортасында болыңыз. Басшылық сізден барлық салаларда бірдей белсенділік танытуды талап етеді. Қолыңыздан бәрі келеді, сондықтан бұрыннан жоспарлаған жағымды нәрсемен өзіңізді қуантуды ұмытпаңыз. Апта аяғында барлығы саябырсиды, бірақ таныстардың жетістіктері сізді тыныш жатқызбайды.

ТАУЕШКІ
Жаңа қызмет, серіктес, шабыт көзін іздегендер үшін апта сәтті болмақ. Қажетті жерде қажетті уақытта болу арқылы қалағаныңызға ойламаған жерден қол жеткізесіз. Бұрын жіберген қателіктерді түзетуге мүмкіндік беріледі. Материалды сала қиындықтар әкелмейді, бірақ шығындарды қысқартуға тырысасыз. Ал махаббатта аяқасты іс-әрекеттерге баруға болмайды.

СУҚҰЙҒЫШ
Жаңашылдықты аңсап, өзіңізді күтіп, түрлі диеталар бастап, сырт келбетіңізге өзгеріс енгізгіңіз келеді. Бірақ мұндай бастамалар сәтсіз аяқталуы мүмкін. Әріптестердің міндеттері сізге жүктелуі мүмкін, бірақ бұл жайт басшылықтың назарынан тыс қалмайды. Апта соңында қолыңыз босап, бос уақытыңызды сүйіктіңізге арнай аласыз.

БАЛЫҚ
Кейбір жайттар көңіліңізге кірбің салуы мүмкін, әлі де болса жеке өмірде иллюзиялардан арылған дұрыс. Өмірге шынайы, реалистік көзқараспен қарап үйреніңіз. Кейінгі мансабыңызға жағымды әсер ететін маңызды кездесу орын алуы мүмкін. Егер жоспарыңыз орындалмай, кедергілер көбейіп жатса, бәлкім стратегияңызды өзгерту керек.

Кезекші редактор: Ерасыл ШӘРІБЕК

ӨМІРДІ ӨЗГЕРТЕТІН 15 ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕ

Бұл жазбаны жиі оқып тұрыңыз.

1. Ешқашан теледидар қарамаңыз.
2. Сізді сатып кеткен адамға оралмаңыз. Ол өзгермейді.
3. Басыңызға ой келді ме? Жазып алыңыз. Бір күні керек болады.
4. Кешіктіңіз бе? Аса қиын жағдай емес, тек қана хабарлау жолын табыңыз.
5. Өзге жанның армандарына күлмеңіз. Өзіңіздікін ойлаңыз.
6. Шындықты айтыңыз, сонда жалған сөздерді еске сақтаудың қажеті жоқ болады.
7. Өсек айтпаңыз. Түбі жақсылыққа әкелмейді.
8. Кішіпейіл болуға тырысыңыз. Кішіпейіл жандар үлкен қалаларды тұрғызған.
9. Өз қатеңізді мойындай біліңіз.
10. Біреудің алдында өмірге шағымдану әдетін тастаңыз. Сіздің қиын мәселеңіз – ешкімді қызықтырмайды.
11. Мынандай бір нәрсе бар «ештеңеге қарамай алға жүру». Көріңіз, мүмкін көмектесер.
12. Қандай жағдай болмасын – сабыр сақтаңыз. Қиын сәт те өтпелі, есіңізде болсын.
13. Ұрысыңыз, төбелесіңіз – бірақ ешқашан жүрекке тиетін ауыр сөз айтпаңыз. Себебі, сіз татуласасыз. Ал сөз жүректе қалады.
14. Күн басталғанда – ең қиын істерді істеңіз. Қалған уақытта "қиын іс" ойды мазаламайды.
15. Ешкім ешкімге ештеңе қарыз емес. "Қарыз" сөзін ұмытыңыз, сөз қорыңыздан алып тастаңыз. Әйтпесе шынымен де қарызға батасыз, материалдық жағынан да, моральдық жағынан да.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тапсырыс № 54